



ЖЕБЕЛТІСІ шығымасы

№ 8 (8896)
жұма 25 ақпан
2022 ЖЫЛ

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев:

«БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР, ОЛ – ҚАЗАҚСТАН»

ТҮГҮР

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, «Qazaqstan» ұлттық телеарнасына сұхбат беруге келісім бергеніңіз үшін Сізге көп рахмет. Сіздің алдыңғы сұхбатыңыз орыс тілінде болды. Баспасөз хатшыңыздың айтуынша, ол сұхбат халықаралық аудиторияға арналған. Бұл жолы қай аудиторияға арналды? Осындай бөле-жару қазақ тілін кемсіту болып есептелмей ме?

– Бұл ешқандай да кемсітушілік немесе менсінбеушілік емес. Осыған дейін көптеген телеарна менен бірнеше рет сұхбат беруді сұраған болатын. Мен олардың ешқайсысына келіскен жоқпын. Кейін тек «Хабар» арнасына ғана сұхбат беремін деп шештім. Себебі ел ішінде көптеген жалған ақпарат тарап жатты, соларға тоқтау салу керек болды. Сол сұхбат орыс тілінде жасалды. Өйткені Қазақстандағы ахуал жөнінде шынайы ақпаратты, ең алдымен, әлем жұртшылығына тарату керек еді. Содан кейін шетелдік ақпарат құралдары сұхбатты кеңінен таратып, барынша пайдаланды. Оны өзіңіз білесіз. Қалай десек те, орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымының алты ресми тілінің бірі. Оны мойындауымыз керек. Ал қазақ тіліндегі сұхбаттың өз аудиториясы бар. Жалпы, мемлекеттің мәселесін мемлекеттік тілде айтуымыз керек. Тіліміз бізден басқа ешкімге керек жоқ. Сондықтан ең алдымен, өзіміз ана тілімізге құрмет көрсетуіміз керек деп ойлаймын.

– «Қаңтар қасіретіне» келейік. Жыл басындағы қанды оқиға, өкінішке қарай, көп адамның өмірін жалма-



ды. Митингке шыққандардың бәрі лаңкес пе? Негізі, адамдар басында бейбіт шеруге шықты емес пе?

– Әрине, бастапқыда бейбіт шерулер болды. Мұны бәріміз көрдік. Еліміздің әр аймағында азаматтар алаңға жиналып, өз талаптарын айтты, тіпті, наразылықтарын білдірді. Шынын айтсақ, әуелде ешқандай қирату, қылмыстық әрекеттер болған жоқ. Бірақ жағдай кейін мүлдем басқа арнаға бұрылып кетті. Арандатушылар мен қарақшылар пайда болды. Олардың шынайы мақсаты бейбіт митингке

қатысу емес, билікке шабуыл жасау болды.

Бір сөзбен айтқанда, соңына қарай алаңға нағыз лаңкестер шықты. Бүлікшілер мыңдаған қару-жарақты ұрлап кетті. Қазіргі уақытта полиция оларды іздеп жатыр. Өзірге түгелдей табылған жоқ. Бұзақылар сол қарудан тағы да адам атуы әбден мүмкін. Сонда мұны кім істеді деген сұрақ туады? Кім жасады? Бейбіт шеруге шыққандар ма? Шын мәнінде, бұл – кәсіби қарақшылардың ісі.

2-бет

БӘРЕКЕЛДІ

ЖЕРЛЕСІМІЗ ЖАРАДЫ

Жуырда Түркияда өткен Grand Prix Velo Alanya халықаралық турнирінде Ескелді ауданының өрені жеңімпаз болды.

Бұл вело доданың жалпы ұзындығы 129,8 шақырымды құрады. Жарыс қорытындысына сай шашасына шаңжұқтырмаған Игорь Чжан қарсыластарынан оқ бойы озып, мәрені бірінші кесті. Жерлесімізден 32 секунд кеш келіп, екінші орынға голландық ABLOC CT клубының шабандозы Мейндерт Веулинк жайғасса, үшінші орынды Германия құрамасының өкілі Моритц Кретчи еншіледі.

Айта кетейік, VINO SKO Team командасында өнер көрсетіп жүрген Игорь Чжан Қарабұлақ ауылының тумасы. Grand Prix Velo Alanya додасына екі командаласымен бірге қатысқан еді. Сондай-ақ, аталмыш халықаралық жарысқа VINO SKO Team командасынан өзге Қазақстаннан Almaty Cycling Team және Nursultan Cycling Team клубтары қатысқан еді. Жарыс қорытындысы төмендегідей.

1. Игорь Чжан (Қазақстан, VINO SKO Team) 3:44:11;
2. Мейндерт Веулинк (Нидерланды, ABLOC CT) – +0:32;
3. Моритц Кретчи (Германия құрамасы) – +0:32;
10. Даниил Марухин (Қазақстан, Almaty Cycling Team) – +0:58;
26. Александр Семенов (Қазақстан, VINO SKO Team) – +2:38;
29. Динмухамед Улысбаев (Қазақстан, Almaty Cycling Team) +3:09;
30. Антон Кузьмин (Қазақстан, Almaty Cycling Team) +3:09;



ТІН

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ РАЛИДІҢ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ӨТКІЗЕТІН КЕЗДЕСУДЕГІ ЕСЕПТІ БАЯНДАМАСЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2016 жылғы 5-ақпандағы «Орталық атқарушы орган басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» №190 Жарлығына сәйкес, өткен жылы атқарылған жұмыстарды қорытындылап, алда тұрған міндеттерді орындаймыз.

2021 жылы аудандық жергілікті атқарушы органдардың жұмысы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеп берген «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауын іске асыру бойынша жүргізілді.

Ауданның әлеуметтік – экономикалық дамуында тұрақты серпін сақталып, барлық көрсеткіш жоспарға сәйкес орындалды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша салық түсімдері - 2 млрд. 433 млн. 514,5 мың теңге болып, жоспар – 108,4% -ға орындалды. Оның ішінде: жергілікті бюджет - 2 млрд. 195 млн. теңге (108,5%), республикалық бюджет – 432 млн. 320 мың (104,3 %) теңгені құрады.

2021 жылдың 12 айында бюджет шығындары 8 млрд. 654 млн. 788 мың теңгені құрап, 96,3 %-ға

орындалды. (12 айдың болжамы – 8 млрд. 991 млн. 922 мың теңге).

2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі – 41 млрд. 271,3 млн. теңгені құрап, нақты көлем көрсеткіші – 101%-ды болды. Бұл көрсеткіш 2020 жылдың 12 айы – 37 млрд. 898,4 млн. теңгені құраған еді. Оның ішінде мал шаруашылығынан 16 млрд. 514,7 млн. теңгені, өсімдік шаруашылығынан 24 млрд. 756,6 млн. теңгенің өнімі алынды.

2021 жылы аудан көлемінде 52 828 гектарға ауылшаруашылық дақылдары егілді. Оның ішінде масақты дәнді дақылдар 28 715,4 гектарға, майлы дақылдар 10 377 гектарға, картоп 2 348 гектарға, көкөніс 1 025 гектарға, бақша 25 гектарға себілді.

Өткен жылы масақты дәнді дақылдарды жинау жұмыстары бойынша 28,7 мың гектар (100%) алқаптан 62 мың тонна өнім жиналып, орташа гектар өнімділігі 21,1 центнерді құрады.

Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін 48 мың тонна картоп (100%), 26,3 мың тонна көкөніс (100%), 0,9 мың тонна бақша дақылдары (100%), 25,9 мың тонна майбұршақ (100%) жиналды.

Қант қызылшасы жинап-өткізу бойынша шаруашылықтарға барлық мүмкіндік жасалды. Нәтижесінде аудан көлеміндегі 3285 гектардан 116



мың тонна тәтті түбір жиналды. Аудан шаруалары егістіктік әр гектарынан 352,3 центнерден өнім алды.

Сондай ақ, 2021 жылы Көксу-Ақсу қант зауыты 78,8 мың тонна қант қызылшасын қабылдады. Атаулы зауыттар қабылдаған өнімнің 55 пайызын Ескелді ауданының диқандары өткізді.

Мал шаруашылығы бойынша, өткен жылы барлығы 12417 тонна мал және құс еті өндірілді. Бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңінен 101,8 %-ға артық. Сондай-ақ, 34313 тонна сүт сауылып (102,0%), әр сиырдан сауылған сүт орташа 2746 литрден айналды, 7,6 млн. дана жұмыртқа өндірілген (100,3 %).

Аудан бойынша 2021 жылдың 12 айында мал басының барлық түрінен өсім сақталған. Мәселен, бүгінде аудан аумағында 42483 бас ірі қара, 136 915 бас қой мен ешкі, 13 632 бас жылқы, 1 820 бас шошқа, 113 бас түйе және 57 577 құс бар.

2021 жылы ауданға жалпы сомасы 1 млрд. 553,4 млн. теңгеге 96 жаңа ауылшаруашылық техникалары алынды.

2021 жылдың 12 айында өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 5 млрд. 938,6 млн. теңгені құрады, нақты көлемінің индексі 112 пайызды құрады. (2020 жылдың 12 айы – 5 млрд. 451,4 млн. теңге).

4-бет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев:

«БІЗДІҢ БІР ҒАНА ОТАНЫМЫЗ БАР,



лы. Өзіміз де көрдік. Әлеуметтік желілердегі видеоларды, жазбаларды сай-сүйегің сырқарайсың. Әсіресе арқасына үтік басылған талдықорғандық Азамат Батырбаев деген жігітке қатысты. Осыдан хабардарсыз ба?

– Иә, бұл мәселе жөнінде жақсы білемін. Кейбір азаматтарымыз менің атыма бейнеүндеу жазып, әлеуметтік желілерде таратып жатыр. Мұны да біліп отырмын. Осыған байланысты мен Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураға арнайы тапсырма бердім. «Шаш ал десе, бас алатын» әрекеттерге жол беруге болмайды. Қоғамдық комиссиялар өз жұмысына кірісіп кетті. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Өзімова, белгілі құқық қорғаушылар: Айман Омарова, Жеміс Тұрмағамбетова, Абзал Құспан және басқа да заңгерлер жиналып, арнайы комиссиялар құрды. Олар ер істің заңдылығын қарап жатыр. Қоғамдық комиссияларға сенімсіздік көрсетуге ешқандай себеп те, хақымыз да жоқ. Билік те, құқық қорғау органдары да жұмыстарына араласпайды. Мен де араласпаймын.

– Ал бұзақыларға қатысты қандай іс-шаралар қабылданады?

– Бұзақылар туралы мәселеге көзек, кейбір адамдар жазықсыз азаматтарды еш себепсіз қамауға алды деп ойлайды да, осындай жалған ұрандарды ел ішінде таратады. Бірақ мынаны ұмытпауымыз керек: олардың ішінде лаңкестер де, қылмыскерлер де бар. Қараңызшы, мыңдаған адам қаланы қиратып, нағыз террористік әрекеттерге барды. Бірақ қазір бәрі жай ғана бейбіт азаматтар болып шықты. Бұған кім сенеді? Жалпы, лаңкестерді, қарақшыларды халық қаһармандарды, баатырларды деп айтуға болмайды. Бұл – ешқандай шындыққа келмейтін жалған уәж. Егер біз ақиқатына көз жеткізбей, олардың айқанына сенетін болсақ, елімізге тағы бір үлкен қауіп төндіреміз. Бұл – қарақшыларды Қазақстанға шақыру деген сөз. Сондықтан аталған мәселеде біз өте сақ болуымыз керек. Әрбір іс бойынша мұқият тергеу жүргізуіміз қажет.

– Ресейдегі бірқатар сарапшы елімізде болған оқиғаға қатысты «Төңкерісшілердің мақсаты Президент Қ.Тоқаевты Қазақстаннан қуып шығу немесе тұтқында

алу» деген болжам жасады. Сол рас па? Бірақ Сіз олардың жоспарын жоққа шығардыңыз. Осыған байланысты Өзіңіз қандай нақты түсініктеме берер едіңіз?

– Бәлкім, бұл Ресейдің барлау қызметінің көзқарасы шығар. Бұл рас та болуы мүмкін. Олар біздің еліміздегі оқиғаларды мұқият бақылап отырады ғой. Қалай десек те, арнайы жасақталған қарулы бандалар билікті басып алғысы келді. Сондықтан шетелдік сарапшылар айтқан пікірдің жаны бар деп ойлаймын. Дегенмен барлығына байыппен қарап, салмақты баға беру қажет. «Сабыр түбі – сары алтын» деп халқымыз бекер айтпаған. Бізге керегі – асығыс шешім шығарып, істі жауып тастау емес, міндетті түрде ақиқатқа көз жеткізу. Бұл – менің алдыма қойған мақсатым.

– Сіз Владимир Путинге қоңырау шалып, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерін Қазақстанға шақырдыңыз. Бұл еліміздің дербестігін, егемендігін Ресейге телу деген сөз емес пе? Соларды шақырмаса болмайтын ба еді өзі? Қазір осы шешіміңізге өкінібейсіз бе?

– Өкінібеймін. Бұл – ешқандай да өкінірестін шешім емес. Керісінше дұрыс шешім болды деп ойлаймын. Өйткені қарулы қарақшылар Алматыны қиратып, өзге қалаларға қауіп төндірді. Осы қарулы контингент болмаса, лаңкестер басқа да қалаларды басып алар еді. Қарулы шайқастар Талдықорғанда, Таразда, Шымкентте, Қызылордада орын алды. Елордада лаңкестердің дайындық жұмыстары байқалды, олар тіпті Ақордаға шабуыл жасауға дайын болды.

Кейбір беделді сарапшылардың айтуынша, лаңкестер Қазақстанның басты екі қаласын басып алуды жоспарлаған. Бұл – Сириядағы сценарийге ұқсас жоспар. Сол елде лаңкестер Дамаск пен Ракканы басып алуға әрекеттенген еді.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлері біздің елде бір де бір оқ атқан жоқ. Оны ашық айту керек. Олар тек негізгі стратегиялық нысандарды күзетіп тұрды. Осы кезде біздің күштік құрылымдар іске кірісіп, қарулы лаңкестерге тосқауыл қойды. Арамызда тек тығыз байланыс пен үйлесім болды.

Ал енді «Путинге қарыз боп қалдық» дегенге келсек, бұл – бос әңгіме. Оны доғару керек. Біріншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының контингенті В.Путиннің немесе Ресейдің жеке әскері емес. Бұл ұйымның әскери құрамы оған мүше елдердің бәріне ортақ. Онда Ресейден бөлек, Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстанның

әскери бөлімдері бар. Қазақстан да – осы ұйымның толыққанды мүшесі әрі негізін қалаушысы. Сондықтан бәрі – заңды, қисынды.

Ресейге келсек, бұл алпауыт ел өзінің геосаяси мүддесін де қорғады. Қазақстанның тұрақтылығы Ресейге өте қажет. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Қазақстан мен Ресей – стратегиялық серіктестер. Арамызда шынайы достық пен өзара сенім болуы керек. Басқа саясат ұстансақ, екі елдің стратегиялық мүддесіне нұқсан келтіреміз. Жалпы, біз ешкімге ештеңе де қарыз емеспіз. Қазақстан – егемен мемлекет. Сондықтан саясатымыз да дербес.

– Сонда да көрші елдің кейбір журналистері «Ресей Қазақстанды құтқарды» деп жазып жүр...

– Жаңа ғана айтып өттім, Ресей – Қазақстанға жақын орналасқан серіктес мемлекет. Осындай жағдайда оның бізге көмекке келуі айтпаса да түсінікті. Мұны құтқару емес, ортақ мүддемізді қорғау үшін жасалған іс-әрекет деп түсінуге болады. Бұл – бір. Екіншіден, аталған мәселеге геосаяси ахуал тұрғысынан да қарау керек. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – бәрімізге ортақ құрылым. Ресей және Ұйымға мүше мемлекеттер Қазақстанның ғана емес, өздерінің де қауіпсіздігін ойлады. Сол үшін көмек қолын созды.

– Жалпы, Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасы қандай болуы керек? «Мәскеу біздің жерімізге көз алартып жүр, солтүстік облыстарды тартып алады» деген пікірлер де айтылады...

– Бірінші сұрағыңызға қатысты айтар болсам, Қазақстан мен Ресей арасында мәңгі тату көршілік туралы келісім бар. Ресей – ғасырлар бойы қатар өмір сүріп келе жатқан құдайы көршіміздің бірі. Қазақтың тағдырына осылай жазылған. Мұны біз өзгерте алмаймыз. Саяси, сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды нығайта беруіміз керек. Бұл, ең алдымен, Қазақстанның стратегиялық мүддесіне сай келеді.

Екінші мәселе. Иә, расында да, кейбір ресейлік саясаткерлер тарапынан «Қазақстанның солтүстік облыстарындағы жерлер біздікі» деген сөздер айтылды. Бірден кесіп айтайын. Бұл – ақылға сыймайтын, орынсыз пікір. Ресми билік, яғни Кремль, әрине, бұл уәжді қолдамайды.

Екі елдің басшылығы арасында жер мәселесіне қатысты ешқашан дау туындаған емес. Маған В.Путиннің өзі «жерге қатысты ешқашан мәселе көтермейміз» деп айтқан. Сондықтан алаңдайтын ешнәрсе жоқ. Шекарамыз толық айқындалған,

бекітілген. Бұл ақиқатты бүкіл әлем мойындайды. Екі елдің арасындағы байланыстарға сызат түспеген. Ресей Президенті осындай қағидаттарға адалдығын, беріктігін көрсетті.

– Түсінікті. Енді «Қаңтар қасіретіне» қайта оралсақ, халықтың көбі Тұңғыш Президентке және оның отбасына қатысты наразылығын білдірді, тіпті ашу-ызаға толы пікірлер айтылды. Себеп белгілі. Сіз өзіңіз Мемлекет басшысы ретінде осы жағдайдан қандай сабақ алдыңыз?

– Мәселеге жан-жақты қарайтын болсақ, халық наразылығының астарында өткір әлеуметтік мәселе жатыр. Халықтың көбінің әлеуметтік жағдайы төмен. Бұл – ақиқат. Мемлекеттің тұтас байлығы аз ғана топтың қолында. Теңсіздік белең алуда. Назарылықтың түп-тамыры осыдан басталды. Бұл мәселе туралы мен Парламентте, басқа да жиындарда айттым.

Өкініштісі, азаматтардың наразылығын лаңкестер мен қылмыскерлер пайдаланып кетті. Бұған беріміз күйе болдық. Расында, әлеуметтік желіде Тұңғыш Президентіміз туралы әртүрлі ойлар айтылып, жазылып жатыр. Қанша адам болса, сонша пікір болады.

Мен Мемлекет басшысы ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 30 жылдық еңбегін жоққа шығаруға болмайды деп ойлаймын. Тарихқа қиянат жасамау керек. Нұрсұлтан Назарбаев – мемлекетіміздің іргесін қалаған, мемлекетімізді нығайтуға зор үлес қосқан тұлға. Оның қызметіне әділ баға беруге міндеттіміз. Тұңғыш Президенттің кемшіліктері болса, одан жас басшылар сабақ алуы қажет. Қаңтар оқиғасы елімізге де, менің өзіме де үлкен сабақ болғаны сөзсіз. Тиісті қорытынды жасалды. Қазір елімізде қабылданып жатқан саяси шешімдер – соның нәтижесі. Алдымызда өте көп жұмыс бар. Мұны барлығы көріп, біліп отыр деп ойлаймын.

– Иә, соңғы кездері көптеген ауыс-түйіс болды. Соның ішінде Ерболат Досаевты Алматы қаласының әкімі етіп тағайындаған шешіміңізге наразы тұрғындар митингке шықты. Бұл шешімді қайта қарау ойыңызда бар ма?

– Ондай ойым жоқ. Алматы – еліміздегі ең ірі, ерекше шаһар. Қаланың ахуалы, тұрғындардың әл-ауқаты менің жеке назарымда. Қаңтар оқиғасы кезінде қаланың экономикасы зардап шекті. Азаматтардың және бизнес иелерінің дүние-мүлкі тоналды. Көптеген нысан өртелді, қиратылды. Соның бәрін қалпына келтіру керек. Бұл – оңай шаруа емес. Сондықтан осындай жауапты жұмыс жаңа әкім Ерболат Досаевқа жүктелді, қолынан келеді деп үміттенемін. Себебі оның бизнес саласында, мемлекеттік қызметте тәжірибесі мол. Іскер, еңбекқор адам. Жұмыс істеуіне мүмкіндік берген жөн деп ойлаймын.

– Осы сияқты басқа да біраз кадрлық өзгерістер болып жатыр. Бірақ әкімдердің басым көпшілігі әлі орнында отыр. Олардың жағдайы қалай болмақ? Алдағы уақытта облыс әкімдері сайлана ма?

– Жалпы айтқанда, кадрлық ауыс-түйіс – үздіксіз жалғаса беретін үдеріс. Лауазым мәңгілік дүние емес. Жұмыстың жаңа талабына икемделе алмаған адамдар қызметтен кетуге мәжбүр болады. Олардың орнын жаңа кадрлар басады. Әкімнің бәрін ауыстыру менің негізгі мақсатым емес. Әкімдердің жұмысына жан-жақты талдау жасалады. Негізгі талап – азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Сондықтан қажеттілік болса, тиісті кадрлық шешімдерді қабылдаймын. Міндетті түрде өзгерістер болады.

Мен 2020 жылы халыққа Жолдауымда алғаш рет ауыл әкімдерін сайлау туралы айттым. Көп ұзамай ауыл әкімдерін сайладық. Былтырғы Жолдауымда «Келесі қадам – аудан әкімдерін сайлау» деп айттым. Оны 2024 жылы өткіземіз. Бәлкім, пилоттық жоба ретінде келесі жылдан бастасақ, орынды болар.

ОЛ – ҚАЗАҚСТАН»



– «**Жаңа Қазақстанды**» құрамыз деп отырмыз. Бірақ бұрынғы жүйеде жұмыс істеген адамдар қызметке қайта тағайындалып жатыр. Жұрт ескі мамандармен жаңа Қазақстанды қалай құрамыз дейді. Бұл туралы не айтар едіңіз?

– Негізі, кадр мәселесі өте күрделі әрі аса маңызды. Расында, көп нәрсе білікті кадрларға байланысты. Менің бастамам бойынша Президенттік жастар кадрлық резерві құрылды. Кадрлық резервке өткен азаматтар біртіндеп жауапты қызметке тағайындалып жатыр. Әрине, мұнымен шектелуге болмайды. Басқа да адамдарға жол ашуымыз керек.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап өте жоғары болуға тиіс. Кез келген адам бірден министр немесе әкім бола салмайды. Ол анық нәрсе. Біраз уақыт, мол тәжірибе керек. Ондай лауазымға білімді, білікті, қызметіне адал азаматтарды тағайындаған жөн. Бұрынғы мамандардың бәрін жұмыстан шығару дұрыс болмас еді. Орысша «политическая чистка», яғни «саяси тазалауға» барудың қажеті жоқ. Мемлекеттік басқару саласына бірте-бірте жаңа мамандар келеді. Келіп те жатыр. Бұл – қалыпты үдеріс. Бірақ бір нәрсені есте ұстаған жөн. Мемлекеттік қызмет – эксперимент алауы емес! Сондықтан бұл жұмысты бірте-бірте жүргіземіз.

– **Алдыңғы сұхбатыңызда Сіз елімізде кадр тапшылығы бар екенін айттыңыз. Шын мәнінде, көптеген білікті мамандарымыз шетелде жүр. Білім қуып, кәсіп іздегі кеткендер де бар. Шетелдегі отандастарымызды Қазақстанға шақыру ойыңызда бар ма? Жалпы, бұл іске асуы мүмкін дүние ме?**

– Расында шетелде жүрген білікті мамандарымыз аз емес. Бұл үшін ешкімді айыптауға болмайды. Қазір – жаһандану заманы. Адам қай жерде сұранысқа ие болса, сол жерге барып жұмыс істеуге қақы бар. Оған ешкім кедергі жасамайды. Біз өз саласында табысқа жеткен азаматтарды бұған дейін де шақырғанбыз. Елге қайтып келген отандастарымыз да бар. Бірақ шындығын айтуымыз керек, елімізге білімі жоғары, парасатты адамдар керек. Жалпы, адами капитал жоғары болуы қажет. Жалпақ тілмен айтсақ, Отанымызға келген адамдардың сапасы неғұрлым жоғары болса, елімізге соғұрлым тиімді болады.

Жалпы, бәріміз еңбеккерліктың, біліктіліктің идеологиясын көтеріуіміз керек. Ұлтымыз дүние жүзінде, ең алдымен, еңбеккер, жұмысқа адал ұлт ретінде мойындалатын болса, бұл экономикамызға оң әсер етеді. Масыддықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет. Сонда ғана Жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асады. Меніңше, біз бұрын үлкен идеологиялық қателік жібердік. Шетелге, яғни Орталық Азиядан Ресейге кеткен жұмысшыларға күліп, «Қараңыздар, олар қара жұмыспен айналысуға мәжбүр болды, ал бізге келгенде, бірде-бір қазақ шетелде жұмыс істемейді, жайбаракат жүрміз» деп қатты мақтандық. Кез келген еңбекті жоғары бағалау қажет, солай емес пе? Бүгінгі күні Орталық Азиядағы жұмысшылар Ресейде еңбек етіп, күн көріп жатыр. Ал біздікілер еңбек бәсеқесіне шыдай алмайтын болды. Екінше қарай, бұл – «сырьевое проклятье», яғни «шикізатқа тәуелді болудың» салдары.

– **Тағы бір маңызды дүниеге назар аударсам деймін. Сіз «мемлекет ақпараттық соғыста жеңілді» дедіңіз. Елдегі журналистика деңгейіне көңілі толмайтындар көп. Мұның бір себебі, ақпарат құралдарына мемлекет қатаң бақылау жасайды дейді олар. Біз демократиялық қоғам құрамыз десек, БАҚ саласын шын мәнінде «төртінші билік» деңгейіне көтеріуіміз керек емес пе? Осы туралы ойыңызды ортаға салсаңыз.**

– Жалпы, қазақ журналистикасының деңгейі төмен деп айтуға болмайды.

Керісінше қазақ журналистикасының деңгейі жоғары екені күмәнсіз. Қаңтар оқиғалары кезінде ақпараттық вакуум болды. Оны кәсіби тұрғыда дайындалған лаңкестер, қылмыскерлер өз мүддесіне пайдаланды. Интернетті бұғаттауға мәжбүр болдық. Бұл – әлемдік практика. Бірақ басқа да ақпарат құралдарымыз бар ғой. Соқырлар кейбір теле-радио арналардың ғимаратын өртеп, қиратты. Одан басқа ақпарат құралдары үздіксіз хабар таратты. Ешқандай шектеу болған жоқ.

Ал баспасөз бостандығына келсек, бізде заң бойынша цензура жоқ. Ақпарат еркіндігін барынша қамтамасыз етіп жатырмыз. Бірақ еркіндік деген ойыңа не келсе, соны айту емес. Кез келген демократиялық елдерде жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылады. Мен әрбір журналист, ең алдымен, мемлекетшіл азамат болуы керек деп санаймын. Осы орайда Н.Некрасовтың: «Ақын болу шарт емес, азамат болу – міндетің» деген қанатты сөзі бар. Сондықтан әрқайсымыз еліміздің патриоты болуға тиіспіз.

Қазақтың «Айтылған сөз – атылған оқ» деген даналығы бар. Осы ретте, екінше қарай, кейбір журналистер жалған ақпарат таратып, елдің мүддесіне қарсы жұмыс істейді. Қазіргі заманда блогерлер көбейіп кетті. Олардың кейбір әрекеттері кері әсер етеді. Бір блогерлер жақсы жазады. Ал екінші біреулері мәселенің байыбына бармай, зерттемей, үстірт қарайды. Дегенмен азаматтарымыз ақ пен қараны ажырата алады деп ойлаймын. Расында, «ақпараттық соғыс» бүкіл әлемде болып жатқан үрдіс. Сондықтан біз де оған бейімделуіміз керек.

– **Сіз осы күзде саяси реформалар ұсынатыныңызды айттыңыз. Жоспарыңыз сол қалпында ма? Түбегейлі өзгерістер күтуге бола ма?**

– Қандай түбегейлі өзгерістер болатынын қазір айта алмаймын. Бірақ біраз өзгеріс болады. Бұл туралы Мәжілісте сөйлеген сөзімде айттым. Мен бастапқыда жаңа саяси реформаларды күзде жариялаймын деп ойлағам, бірақ саяси реформаларды наурыздың ортасында халыққа Жолдауымда ұсынатын болдым. Қазіргі таңда жұрт реформаларды зор үмітпен күтіп отырғанын білемін. Сондықтан «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық» деп үндеу жолдадым. Онда айтылған мәселелерді көпшілік қолдап отыр.

Жалпы, кез келген қиындықтың артында үлкен мүмкіндіктер тұр. Қытай тіліндегі «дағдарыс» деген сөздің «жаңа мүмкіндіктер» деген мағынасы бар. Осы ретте біз де күш-қуатымызды Отанымызды өркендетуге жұмсайық. Әрине, азаматтық қоғаммен, дербес сарапшылармен ауқымды диалог жүргізу керек. Өйткені халықтың пікірі өте маңызды. Мен «Адамдар мемлекет үшін емес, мемлекет адамдар үшін» деген ұстанымды жарияладым. Осыған байланысты Үкіметке тиісті ұсыныстар дайындауды тапсырдым.

– **Соңғы кезде олигополия деген терминді көп пайдаланып жүрсіз. Оны көпшілік әлі түсіне қойған жоқ. Дүйім жұрттың бәрі оны толығымен түсінеді деп айту қиын. Түптеп келгенде, бұл сөздің мағынасы неде? Соны айтыңызшы?**

– Олигополия – бұл экономика саласындағы саны шектеулі адамдардың үстемдігі деген сөз. Бізде осындай үрдіс белең алуда, көпшілік, әсіресе, кәсіпкерлер оны жақсы біледі. Бұл шынайы бәсекеге, жалпы айтсақ, әділеттілікке кедергі болып отыр. Осы мәселені шешпек, экономикамыз дамымайды, ішкі саяси ахуал мүлдем нашарлап кетеді. Сондықтан менің басты мақсатым – экономикада болсын, саясатта болсын, монополияны мейлінше жою. Одан біржола құтылған жөн. Бұл, әрине, оңай емес, бірақ міндетті түрде осы жұмысқа кірісуіміз керек. Басқа жол жоқ.

– **Сіздің пікіріңіше, бүгінгі қоғамымыздың алдында тұрған ең маңызды мәселе қандай?**

– Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Екінше қарай, заңды мойындағысы келмейтін азаматтар аз емес. Басқаша айтсақ, құқықтық нигилизм белең алуда. Ағаларымыз «Тәртіпсіз ел болмайды» деп баяғыда айтқан болатын. Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң – кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Біз міндетті түрде бұған қол жеткізуіміз керек. Бұл – менің нақты ұстанымым.

– **Сіз Үкіметтің отырысында шетелге заңсыз шығарылған қаражатты Отанымызға қайта әкелу керек деп тапсырма бердіңіз. Бұл тапсырма қашан орындалады? Соның мерзімдері туралы айта аласыз ба?**

– Мен Үкіметке тиісті тапсырма бердім. Бұл мәселе бойынша Үкімет екі айдан кейін маған нақты ұсыныстарын айтады. Содан кейін жұмыс басталады. Аталған мәселе бойынша ауқымды сараптама жасау керек. Онсыз болмайды. Содан кейін шетелдегі тиісті мекемелермен келіссөздер жүргізуге кірісеміз. Бұл өте күрделі әрі ұзақ уақытқа созылатын жұмыс болатын сияқты. Оны ашық айтқан жөн. Бірақ әділдікке жету үшін осы жұмысты бастау керек. Шетелге заңсыз шығарылған қаражатты елге қайтаруға тиіспіз.

– **Сіз екі мерзім ғана Президент қызметін атқаруыңыз мүмкін екенін айттыңыз. Олай болса, келесі сайлауға қатысатыныңыз анық қой?**

– Бұл мәселе Конституциямызда жазылған. Президентке екі мерзім берілген. Оны бұзуға болмайды. Наурыздағы Жолдауымда, мүмкін, осы маңызды мәселе жөнінде өз пікірімді айттармын. Ал бірақ қазір сайлауға барамын ба, бармаймын ба, оны айта алмаймын.

– **Сіздің ойыңызша, Қазақстанның болашағы қалай болады? Кешегі оқиғалардан кейін көпшілігімізге «Егемендігімізді сақтап қала аламыз ба?» деген ой келгені рас...**

– Біздің халқымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді», қиылы заманды ба сынап өткерген. Қиындықтың бәрін жеңген. Кешегі қасіретті оқиға кезінде халқымыз бірлігін көрсетті. Осы құндылықты келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек.

Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған кәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Елімізді Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Бұл – аксиома, ақиқат. Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз.

Ал егемен ел дегеніміз қандай ел? Бұл – әлемдік үдеріске бейімделген біртұтас халық. Дербестігін жалаң сөзбен немесе ұранмен емес, нақты іспен дәлелдей білген ел. Демек, «Егемендікті сақтап қаламыз ба?» деген күмәнді ой ешкімде болмауы керек. Ол қисынсыз тұжырым,

қисынсыз сөз. Керісінше, әрқайсымыз «Тәуелсіздігімізді қалай бекем ұстап қаламыз?» деп ойлануға тиіспіз.

Тілімізге келсек, оны да сақтап қаламыз. Басқаша болмайды, себебі тарихымыздағы ең күрделі кезеңдерде тіліміз көзі ашық ағаларымыздың қарапайым халқымыздың арқасында аман қалды. Дегенмен тіл реформасын жасауымыз керек. Мәселе латын графикасына жедел түрде көшуде емес. Бұл іске байыппен қараған жөн. Сараптама жасалуға тиіс. Қисынсыз нәрсенің пайдасы жоқ. Әсіресе тілге келгенде, асығыстық танытуға болмайды. Себебі бұл өте нәзік дүние.

– **Жұртымыздың қандай жақсы қасиеттерді бойға сіңіргенін қалар едіңіз?**

– Бұл туралы мен жаңа да айттым. Дегенмен бұл – өте маңызды мәселе, сондықтан қайталап айтайын. Біз қоғамда еңбеккерлік идеясын орнықтыруымыз керек. Тұрасын айтайық, бұл қазір ең өзекті мәселе болып тұр. Азаматтарымыз адал еңбекпен табыс табуды ең басты, орынға қоюы қажет. Бақуатты ел болу биліктің жұмысына ғана емес, ол ең алдымен, әрбір азаматтың еңбегіне байланысты. Елдің тұрмысын құрғақ сөзбен емес, нақты іспен көтеру керек. Біздің жастарымыз осыны айқын ұғынса деймін. Елімізде белгілі теріс факторларға қарамастан, тиімді, пайдасы жұмыс атқаратын мүмкіндіктер аз емес. Жақсы мен жаман туралы ұлы Абайдан ақырып ашқын айта кетсам. Сойдай-ақ ойшып екіншіні «талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым» деген даналығының да мәні зор. Бұл қағида бізге, әсіресе осы заманда ауадай қажет.

– **Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз күнделікті қандай ақпарат көздерін пайдаланасыз? Теледидар, мерзімді басылым, әлеуметтік желілер...**

– Мерзімді баспасөзді үзбей қараймын. Бұл – менің бұрыннан қалыптасқан дағдым. «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Астана ақшамы» газеттерін оқимын. «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Түркістан» газеттерін де міндетті түрде оқып тұрамын. Жалпы, мен көп оқитын адаммын. Жақсы мақала немесе сұхбат көрсем, астын сызып оқуға тырысамын. Өзекті мәселе байқасам, оған қатысты нақты тапсырма беремін. Әлеуметтік желідегі өткір жазбаларды да үнемі шолып отырамын. Ал теледидардан жаңалықтар мен сараптамалық бағдарламаларды көремін.

– **Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің «Әке туралы ой-толғау» кітабыңыздың желісі бойынша бір продюсерлік орталық кино түсіргелі жатыр екен. Осыған қатысты не айтасыз?**

– Менің кітабымдағы оқиғалардың негізінде кино түсіргелі жатқанын оқыдым. Бұл туралы ешкімге ешқандай тапсырма берген жоқпын. Бермеймін де. Мұндайды қаламаймын. Бірақ өзін жазған «Әке туралы ой-толғау» кітабынан бас тартпаймын, мазмұнды туынды деп

есептеймін. Себебі жастарға да пайдасы дүние. Бұл – менің әке-шешем алдындағы перзенттік борышымы.

– **Шығармашылығыңызға қатысты тағы бір сұрақ. Сіз негізінен, дипломатия, сыртқы саясат туралы бірнеше кітап жаздыңыз. Солардың ішінде Елбасының тұлғасына арналған «Ол тарихты жасап жатыр» деген туындыңыз бар. Қазіргі таңда сол кітапты жазғаныңызға өкінбейсіз бе? Бұдан басқа, жаңа кітаптар жазу жоспарыңызда бар ма?**

– Өкінбеймін. Тұңғыш Президентіміздің еңбегі туралы кітапқа келсек, қазақта «Өткен іске өкінбе» деген сөз бар. Мен көптеген оқиғаға куә болған адаммын. Сондықтан қағазға түсіргенді жөн көрдім. Оқырмандардың пікірінше, кітаптарым жоғары деңгейде жазылған. Мысалы, әлі күнге дейін студенттер менің кітаптарымнан қажетті мағлұматын алып, пайдаланып жүр.

Жоспар туралы айтсақ, кейбір ойларымызды түртіп қойып, күнделік жазатыным бар. Мүмкін, болашақта қажет болар. Келешекте қазіргі өміріміз туралы ауқымды кітап жазу ойымда бар. Амаңдық болса жазамын.

– **Жақында Сіз Тұңғыш Президент туралы заңға енгізілген өзгертулерге қол қойдыңыз. Яғни Елбасының бірқатар өкілеттілігі Саулсанздік Кеңестің Қзақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару және басқа да баптар бар. Жалпы, осы мәселеге Өзіңіздің көзқарасыңыз қандай?**

– Бұл түсінікті нәрсе. Бұрын осындай заңдар қабылданды, қазіргі таңда олардың қажеттілігі шамалы. Оны ашық айту керек. Келешекте осындай заңдар қабылдаудың қажеті жоқ деп есептеймін. Бұрынғы олқылықтар болса да, бұл – біздің тарихымыз. Біріміз тарихтан сабақ алуымыз керек. Біздің мақсатымыз – еліміздің болашағы, ескеңең ұрпақтың қамы туралы ойлау. Басқа сөз жоқ.

– **Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгін арнамызға уақытыңызды бөліп, берген сұхбатыңыз үшін Сізге рахметімді айтқым келеді. Сұхбат соңында көрермендерге, жұртшылыққа не айтасыз?**

– Расында, бүгін жақсы, мазмұнды сұхбат болды деп ойлаймын. Халыққа айтарым, бұл дүниеде қазақтардың тағдырын тек өзіміз ғана шешеміз. Біз үшін жалғыз ғана мемлекет бар, ол – Қазақстан. Бұл – біздің қасиетті Отанымыз. Басқа Отанымыз жоқ. Отанын қорғау, халқының амандығын сақтау – әр азаматтың борышы. Осыны ұмытпауымыз керек. Қазақ елі жасай берсін!

– **Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да рахмет айтамын.**

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ РАЛИДІҢ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫМЕН ӨТКІЗЕТІН КЕЗДЕСУДЕГІ ЕСЕПТІ БАЯНДАМАСЫ

Істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 2882 бірлікті құрады. Бұл нысандарда жұмыспен қамтылғандар саны – 5630 адам. Өткен жылдың 12 айында шағын және орта бизнес субъектілерінен бюджетке 812,3 млн. теңге түсті.

2021 жылдың 12 айында 11 млрд. 5,7 млн. теңге инвестиция тартылды, (2020 жылы 16 млрд. 290,1 млн. теңге), нақты көлем индексі 58,7 %, оның ішінде бюджеттен тыс қаражат есебінен 6 млрд. 917,1 млн. теңге, жалпы көлемдегі үлес 62,8 % құрайды.

Ауданда келесі инвестициялық жобалар іске асырылуда:

1) «Сүт Мастер-М» ЖШС - Гольштейн тұқымды 600 бас ІҚМ арналған тауарлы-сүт фермасының құрылысы (құны 1000 млн.теңге, қуаттылығы - жылына 1,8 млн. литр, 28 жаңа жұмыс орны), Германиядан Гольштейн тұқымды 100 бас ІҚМ жеткізуге шарт жасалды (алдын ала төлем жүргізілді). Германиядан мал жеткізу күтілуде. Құрылыс монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

2) «Дүйсенбинов» ШҚ «бордақылау алаңының құрылысы». Жобаның жалпы құны - 50 млн. теңге. Бүгінде нысан пайдалануға беріліп, 5 жаңа жұмыс орны ашылды. Қазіргі таңда 125 бас ірі қара мал, 800 бас ұсақ мүйізді мал бордақылау алаңына кіргізілді.

3) «Витязь» ШҚ - тауарлы-сүт фермасының құрылысы (құны 300 млн. теңге, қуаттылығы - жылына 1000 тонна/сүт, 5 жаңа жұмыс орны, 200 бас ірі қара мал).

4) Чажа өзеніндегі «АСПМК-519» ЖШС - электр энергиясын өндіру жобасы (құны 13 млн. теңге, қуаты - 25,8 МВт, 25 жаңа жұмыс орны). Құрылыс жұмыстары аяқталды. ГЭС жабдықтарын іске қосу-баптау, кешенді сынау жұмыстары жүргізілуде.

5) Қора өзеніндегі ГЭС Қора-3 су электр станцияларының электр энергиясын өндіруі жобасы. Оның құны 9 млрд. теңге. Қуаттылығы - 29 МВт электр энергиясын өндіру. Жоба толықтай жүзеге асқанда 21 жаңа жұмыс орны ашылады. Бүгінде 7,13 гектар жер учаскесі рәсімделді. Жобалық құжаттама (ТЭН) әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтуде. Құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Пайдалануға беру 2023 жылға жоспарланған.

6) «Лито Микс» ЖШС - Микро-кальцит пен мәрмәр ұнын салу, қоймалауды ұйымдастыру және сақтау жобасы. Аталмыш жобаның құны 106 млн. теңге. Қуаттылығы - жылына 1 000 тонна микро кальцит, 2 400 тонна мәрмәр ұнын шығару. Нәтижесінде 10 жаңа жұмыс орны ашылады.

2021 жылдың 12 айында құрылыс жұмыстарының көлемі 8 млрд. 181,2 млн. теңгені құрады,



нақты көлем индексі – 50 %.

Инфрақұрылым. Қарабұлақ ауылында 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы сомасы – 869,6 млн. теңге. Жұмыстар жүргізілуде;

Инженерлік-коммуникациялық желілерді және Қарабұлақ ауылындағы 60 пәтерлі тұрғын үйге абаттандыру үшін 255,8 млн. теңге бөлінді. Жұмыстар жүргізілуде. Жоба өтпелі;

Қарабұлақ ауылындағы 60 пәтерлі тұрғын үй құрылысына ЖСҚ әзірлеу үшін 14,4 млн. теңге бөлінді. Сараптама қорытындысы әзірленді;

Инженерлік-коммуникациялық желілерді салуға ЖСҚ әзірлеу және Қарабұлақ ауылындағы 60 пәтерлі тұрғын үйге абаттандыру жүргізу үшін 6,1 млн. теңге бөлінді. Сараптама қорытындысы әзірленді.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық. Қарабұлақ ауылына сумен жабдықтау жүйесін қайта құру және салу үшін 1 млрд. 105 млн. теңге бөлінді. Жұмыстар жүргізілуде. Жоба өтпелі;

Ақтұма ауылына сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңарту және салу үшін 199 млн. теңге бөлінді. Жұмыстар жүргізілуде. Жоба өтпелі;

Ақешкі ауылындағы сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы және қайта жаңарту үшін 290 млн.теңге бөлінді. Жұмыстар жүргізілуде. Жоба өтпелі;

Ақтасты ауылына сумен жабдықтау жүйесін қайта құру және салуға 5,8 млн. теңгеге жобалық сметалық жоба әзірленуде;

Қарабұлақ ауылына көріз желілерін қайта құру және салуға 18,3 млн. теңгеге ЖСҚ әзірленуде;

Қарабұлақ ауылындағы саябақты абаттандыру үшін 300 млн. теңге бөлінді. Жоба өтпелі;

Қарабұлақ ауылының 12

көшесіне жарықтандыру орнату және ескірген шамдарды ауыстыру үшін 132 млн. теңге бөлініп, жұмыстар аяқталды;

Жаңалық ауылында сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңартуға және салуға жобалау-сметалық құжаттарына әзірлеу үшін 5 млн. теңге бөлінді.

Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жұмысын қамтамасыз ету бойынша. Бақтыбай ауылындағы Тәуке хан көшесінің күрделі жөнделуіне - 43,8 млн. теңге бөлінді. Жұмыстар аяқталды.

2021 жылы аудан көлемінде 241,6 млн. теңгеге көшелерге орташа жөнделу жүргізілді. Мәселен, Қарабұлақ ауылында 8 көшеге (8 март, Дулатов, Королева, Набережная, Некрасов, Резников, Сычевский, Тоқтаров көшелері), Алдабергенов ауылында 2 көшеге (Баисов, Абай көшелері), Ақтасты ауылында 1 көшеге (Тоқаев көшесі), Жетісу ауылында 1 көшеге (Дариов көшесі), Абай ауылында 1 көшеге (Темірғали көшесі), Ақын Сара ауылында 1 көшеге (Біржан Сал көшесі), Жастар ауылында 1 көшеге (Нұрланов көшеге) жөнделу жүргізілді. Аталмыш жұмыстар бүгінде толық аяқталды.

Аудан көшелерін ағымдағы жөнделу (шұңқырларды жөнделу) - 54,7 млн. теңге бөлінген. Жұмыстар аяқталды.

2022 жылы жолдарды қысқы күту жұмыстарына 46 млн. теңге бөлінді.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 6 ауылдық округте жалпы сомасы 37,5 млн. теңгеге Алдабергенов ауылында шағын футбол алаңы жасалды. Көкжазық ауылында балалар және Жалғызғаш ауылында спорт алаңдарын жай-

ластыру, Ақын Сара, Екпінді ауылдарындағы аялдаманы ағымдағы жөнделу, Қарабұлақ ауылында көп пәтерлі тұрғын үйдің ауласын абаттандыру, Набережная көшесі мен Оразбеков көшесі арасындағы жаяу жүргіншілер көпірін ағымдағы жөнделу жұмыстары жүргізілді.

2022 жылы осы бағдарламаны жүзеге асыруға ауданның ауылдық округтеріне 39,2 млн. теңге бөлінді.

«Ауыл-ел бесігі» жобасы аясында ауданда 2 өтпелі жоба іске асырылды:

М.Байысов ауылындағы Рустембеков атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен күрделі жөнделу жұмыстарына 606 млн. теңге бөлініп, жұмыстары аяқталды;

Қарабұлақ ауылындағы Алдабергенов көшесінде күрделі жөнделу жүргізу жұмыстарына 475 млн. теңге бөлініп, жұмыстары аяқталды;

Газдандыру. Аудан бойынша барлығы 45,2 мың халқы бар 33 елді мекен, оның ішінде 20 елді мекен газдандыруға жатады.

Қарабұлақ ауылындағы газ құбырының ұзындығы 160 шақырымды құрайды. Қазіргі уақытта 649 абоненттен өтініш келіп түсті. Оның ішінде газға қосылғандар 535 абонент құрайды. Бақтыбай ауылына - 1,1 млрд. теңге, Алдабергенов ауылына – 877 млн. теңге, Өрқұсақ ауылы 80,2 млн. теңге бөлінді. Жұмыстары жүргізілуде.

Көкжазық (956 530 мың теңге) ауылының жобалық-сметалық құжаттамасы, Теректі (656 283 мың теңге), М.Байысов (430 257,0 мың теңге), Қаратал (883 036 мың теңге) және Екпенді ауылдарының мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамалар бар. Шымыр (25618 мың теңге), Жетісу (22 256 мың теңге), Жастар (12866 мың теңге), Жаңалық

(12304 мың теңге), Абай (17167 мың теңге), Өтенай (9954 мың теңге), Ешкөлмес (27 283 мың теңге) ауылдарының жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. 2022 жылы М.Байысова (430 257 мың теңге), Теректі (656 283 мың теңге), Екпінді (25618 мың теңге) ауылдарында құрылыс жоспарлануда.

Білім саласы. Ауданымызда күндізгі жалпы білім беретін 30 мектеп жұмыс істейді. Оның 19-ы орта, 6-ы негізгі, 5-і бастауыш. Мектепке дейінгі мекемелер бойынша 12 балабақша (оның ішінде: 9 мемлекеттік және 3 жекеменшік) және 20 мектепке дейінгі шағын орталық бар.

3 орта мектепке, 1 балабақшаға күрделі жөнделу жұмыстарын жүргізуге 63 млн. теңге сомасына жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде. Оның ішінде:

С.Сейфуллин атындағы орта мектебіне 23,5 млн. теңге, Қарабұлақ орта мектебіне 16,1 млн. теңге, Қоңыр орта мектебіне 13,9 млн. теңге, Байысов ауылындағы балабақшаға 9,5 млн. теңге бөлінді.

Денсаулық сақтау. Бүгінде ауданда жалпы 30 медициналық мекеме жұмыс істейді. Оның ішінде: 1 аудандық орталық аурухана, 11 ауылдық дәрігерлік амбулатория, 4 фельдшерлік амбулаториялық пункт және 14 медициналық пункт халыққа қызмет көрсетеді.

Алдабергенов дәрігерлік амбулатория ғимаратының құрылысына жобалық-сметалық құжаттар әзірлеу үшін 18 млн. теңге бөлінді.

3 дәрігерлік амбулатория ғимаратының күрделі жөнделу жұмыстарына 15,6 млн. теңге сомасына жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде. Оның ішінде: Жетісу ауылына - 8,6 млн. теңге, Қаратал ауылына - 5 млн. теңге, Елтай ауылына - 2 млн. теңге бөлінді.

Әлеуметтік сала. 2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында жалпы сомасы 280 млн. 436 мың теңгеге 544 отбасы, 2918 адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды дамыту» бағдарламасы шеңберінде барлық үш бағыт бойынша жоспарлы көрсеткіштер орындалды. 2021 жылы ауданда 2119 жаңа жұмыс орны ашылды.

Қысқа мерзімді курстарға 135 адам 9 мамандық пен кәсіп бойынша дайындық курстарына жіберілді. Бүгінде 131 адам оқуын бітіріп, оның ішінде 121 адам тұрақты жұмысқа орналасты.

Әлеуметтік жұмыс орнына 51 адам, жастар тәжірибесіне 43 адам және қоғамдық жұмыс орындарына 699 адам жіберілді.

Мәдениет саласы. Ауданда 13 мәдениет үйі мен клуб, 15





кітапхана, 1 мұражай, барлығы 29 мәдениет мекемесі тұрақты түрде жұмыс істейді. Бақтыбай ауылының мәдениет үйін күрделі жөндеу үшін 764,2 млн. теңге бөлінген. Жұмыстары жүргізілуде.

Ескелді ауданында дене шынықтыру және спортпен айналысу үшін 118 бірлік спорттық құрылым бар. Оның ішінде: 33 спорт залы, 1 стадион, 2 спорттық-сауықтыру комплексі (атап айтсақ балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі және спорттық сауықтыру кешені), 1 бассейн, 13 ату тирі, 61 спорттық алаң, 5 жапсарлас спорттық залы, 1 шаңғы демалыс орны (Тау Жетісу), 1 спорттық ядро бар. Ескелді ауданында спортпен жүйелі түрде 13743 адам шұғылданады, бұл дене шынықтыру және спортпен айналысатын аудан халқының 30,3 % құрайды.

Ескелді ауданы бойынша коронавирус жұқпасының үшінші толқынына дайындық туралы

Дәрі дәрмектер мен антибиотиктердің үш айлық қоры дайындалған. Ауруханада тәулік бойы істейтін оттегі станциясы іске қосылып, барлығы 51 оттегі нүктесі қосылған.

Ауданның ауруханада 11 жасанды өкпені желдету (ИВЛ) аппараты, 39 оттектік концентраты, 1 рентген және 1 жылжымалы рентген аппараты, 145 пульсоксиметр мен 60 Бобров аппараты (оттегі ылғалдандырғыш) қолданысқа дайын.

Ішкі істер органдарында тұрғындар қауіпсіздігін сақтау бойынша 2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 259 қылмыс тіркелген. Өткен жылмен салыстырғанда қылмыстылық 29 %-ға азайып отыр (2020 ж. қаңтар-желтоқсан айларында тіркелген қылмыс – 364).

Құрметті аудан тұрғындары! Өткен жылы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арналған «халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын жариялады.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында еліміздің әлеуметтік - экономикалық дамуының өзекті мәселелеріне және қазақстандықтардың әл-ауқатын одан әрі арттыру міндеттеріне баса назар аударды. Бұл міндеттердің барлығы бүгінгі күннің ең маңызды мәселелерінің шешімі.

Бәріміз Жолдаудағы аталған тапсырмаларды орындауға бірігіп күш салудамыз. Алдағы уақытта аудан көлемінде жоспарлы түрде атқарылатын істер ауқымды. Мемлекет басшысының саясатын жүзеге асыру мақсатында, мемлекеттік және аумақтық бағдарламаларды мерзімінде, әрі сапалы орындауға және де Ескелді ауданы тұрғындарының әлеуметтік-мәселелерін шешуге барлық мүмкіндіктерді толық пайдаланатын боламыз.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!



ҚАРЫМДЫ ДА АЛЫМДЫ МАМАН

ШАМСЫРАҚ Қазақта ұстаздан асқан ұлық мамандық жоқ. Әкім де, хәкім де, ел басыда, қолбасы да ұстазға бас иеді. Ал қазіргі мұғалімнің бәрін ұстаз деп айта аламыз ба? Сұрақ қайда жатыр. «Менің атым Қожа» фильмін көрген боларсыз. Сонда Рахманов ағай: «Ұстаз – баланың шамшырағын жаға білу керек» – дейтін еді ғой. Қандай ұлы сөз. Баланың шамшырағын жақпаған қалайша ұстаз болмақ? Міне, ұстаз деген - құрметті қоғамдық мәні жоғары, қиыншылығы мен сыры мол, жауапкершілікті талап ететін мамандық. Бұл жолда тынымсыз еңбек, толассыз ізденістен жалықпайтын жандар ғана нәтижелі табыстарға жете алады. Жасқы мұғалім – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әулеті мол тұлға.

Биылғы оқу жылында мектебімізге ағылшын тілі пәнінен жас маман келді. Есімі – Малика Ахметова. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей жас маманға мектептің ұлағатты ұстазы Қарлығаш Алдабергенова тәлімгерлік етуде. Бүгінде тәлімгер Малика Елдосқызымен жүргізілген түрлі формадағы жұмыстардың барлығы дерлік оның кәсіби шеберлігінің жетілуіне, білімін арттыруға, шығармашыл ізденісте қажымайтын ұстаз болып бейімделуіне, жаңа технологиялардың қыр-сырын меңгеріп қана қоймай, оны тиімді пайдалана білетін білікті маман болатына септігін тигізери анық. Қ.Алдабергенованың арқасында жас маман түрлі жетістікке жетуде. Тізбектесек, биыл жас педагогтердің шығармашылығын, белсенді кәсіби көзқарасын қалыптастыру мақсатында өткізілген «Педагогикалық дебют 2021» облыстық байқауына қатысып, жүлделі I орынға иеленді. Бұл байқауда Малика Елдосқызы өзінің



авторлық бағдарламасындағы ойын технологиясының әдістерінің жиынтығын «Turbosite» электрондық оқулығында жинақтап көрсетті. Бұл электрондық оқулықтың тиімділігі білім алушыларға онлайн, оффлайн форматта қол жетімді. Биылғы оқу жылында қаңтар айында өткен облыстық «Жеңімпаздар марафоны» онлайн конференциясында өзінің іс-тәжірибесімен бөлісті.

Малика Елдосқызы – жаңа технологиялардың, ғылым дамыған заманда өз білімін күнделікті дамытып отыратын ізденімпаз ұстаз. Оның алдына қойған мақсаты - шәкірттердің оқуға деген ынта-сын арттырып білімді, ізденімпаз, алған білімдерін өмірде қолдана алатын азамат етіп тәрбиелеу. Сондай-ақ, ұстаз деген ұлы есімге лайық болу. Осы жолда оның табысқа жетеріне сеніміміз мол.

Салтанат ДЖУМАНОВА,
Н.Алдабергенов атындағы мектеп директорының әдістемелік жөніндегі орынбасары

◆ QŪLAQTANDYRU ◆

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Қазақстанда аз қамтылған азаматтар мемлекет есебінен жәрдемақылар, әлеуметтік көмектер ала алады. Тұрғын үй көмегі де жалпы табысы ең төменгі күнкірі деңгейінен төмен отбасыларға тағайындалады. Ол коммуналдық төлемдер мен мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға алынған баспананы күтіп-ұстау шығындарын қамтиды. Мемлекеттік қызметті алу үшін ХҚО-ға барып өтініш тапсыру керек. Өтінішпен бірге отбасының табысын растайтын құжаттар, жұмыс орнынан немесе жұмыссыз деген анықтама, коммуналдық төлемдердің түбіртегі және жеке куәлік болуы тиіс. Сонымен қатар egov.kz порталы арқылы онлайн алуға болады. Электрондық өтінішке қол қою үшін ЭЦҚ қажет. Қызметтің жауабы 8 жұмыс күні ішінде жеке кабинетке келіп түседі.

МИНДЕТТІ ЗАҢДАСТЫРУ ҚАЖЕТ

Егер сіз иелігіңіздегі жер учаскесінің пайдалану мақсатын өзгерткіңіз келсе, оны міндетті түрде заңдастыру керек. Себебі заң бойынша жер телімдері мақсатына сай пайдаланылмаған жағдайда айыппұл салынуы мүмкін. Қызмет тегін, 13 жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Ол үшін жер иесі egov.kz электронды порталы арқылы жылжымайтын мүліктің толық ақпаратын көрсетіп, онлайн өтініш береді. Өтініш келіп түскен соң жауапты мемлекеттік орган қаланың бас жоспарын ескере отырып шешім шығарады. Берілген өтініштің мәртебесін және жауабын жеке кабинеттен қадағалап отыруға болады.

КЫЗМЕТТЕРДІ ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ АЛУ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес, электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсету «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Бұл портал - мемлекеттік қызметтерді алу барында автоматтандырылған, оңтайландырылған, қоғамның әрбір мүшесіне әлеуметтік коммуникация шығындарын төмендету мақсатына қызмет ететін электронды жүйе.

Еліміздің әрбір азаматы «Электронды үкімет» веб-порталына «пайдаланушы кабинетін» ашу арқылы тіркеле отырып, электрондық цифрлық қолтаңба арқылы электрондық қызметті алу мүмкіндігіне ие. Бұл өз кезегінде, қазіргі заманауи технологияның қарыштап дамыған, жаппай цифрландыруға бет бұру тұсында әрбір азаматқа өзіне берілген мүмкіндіктер аясын кеңейтуіне жол ашады. «Пайдаланушы кабинеті» - бұл халықтың қызмет алу үшін өтініштерін электронды нысанда оны қарайтын субъектілерге жүгінуі, сондай-ақ дербес деректерді пайдалану мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара ресми ақпараттық іс-қимыл жасауға арналған құралы. «Электрондық цифрлық қолтаңба» - электрондық

цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нысандар жиынтығы. Халыққа қызмет көрсету орталығынан куәландырыла отырып ЭЦҚ-ны файлдық тасымалдағышта алған жағдайда, дербес компьютерге сақтауға болады. Сол арқылы, әрбір тұрғын «Электронды үкімет» веб-порталына тіркеліп, жеке кабинетте мемлекеттік қызмет түрлерін пайдалана алады. Сонымен қатар, ЭЦҚ-ны телефонда сақтай отырып, электрондық үкіметтің мобильдік қосымшасы арқылы онлайн қызметтерді алуға болады. Егер ХҚКО-на баруды қажет ететін мемлекеттік қызметтерді алатын жағдайда, аталған мобильдік қосымша арқылы кезекке тұрып, кейін ХҚКО келіп, операторға кезек нөмірін көрсету арқылы қызмет алу жайы қарастырылған. Бұл - кезек күтпей, уақыт үнемдеудің ең тиімді жолы. Соңғы уақытта аудан тұрғындарының электрондық түрде қызмет алуы күннен күнге ұлғаяды.

Ғ.ҚҰДАЙБЕРДИЕВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің бас маманы

◆ АРТА АҒЫМУЫНДА ◆

САҚШЫЛАР ҚЫРАҒЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ

Апта ағымында Ескелді ауданы Полиция бөлімінің кезекші бөліміне Бақтыбай ауылының 38 жастағы тұрғынынан кемелетке толмаған қызын іздеуге көмектесу туралы хабарлама келіп түсті. Оның айтуынша, қызы үйден белгісіз бағытта шығып кетіп, осы уақытқа дейін оралмаған. Бұл факті дереу жергілікті полицияда тіркелген.

- Жедел-ізденіс жұмыстары барысында полиция қызметкерлері қыз баланың облыс орталығында тұрған жерін анықтап, Ескелді ауданының полициясына жеткізді. Психолог пен заңды өкілдердің қатысуымен жауап алу барысында кемелеттік жасқа толмаған қызы Талдықорған қаласына өзінің бейтаныс құрбыларына барып, олармен бірге қалғанын айтты. Ол бұл жағында ешкімді ескертпеген. Қазіргі уақытта кемелетке толмаған және оның ата-аналарымен ювеналды полиция қызметкерлері мектеп мұғалімдері мен психологтардың қатысуымен алдын алу жұмыстары жүргізілуде, - аудандық Полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Қайрат Баймұханов.

Бірінші күні ата-анасы мен туыстары оны өз бетінше табуға тырысты. Бірақ іздеудің пайдасыз әрекеттерінен кейін олар полицияның көмегіне жүгінді. Тәртіп сақшылары өздерінің кәсіпқойлығының арқасында бір тәулік ішінде оны тауып, оны отбасына жеткізді. Қыздың анасы тәртіп сақшыларына тек жұмысында ғана емес, жеке өмірінде де сәттілік тіледі.

ТУРИЗМ ӘЛЕУЕТІ АРТПАҚ

Ауданда жаяу және ат спортының жаңа туристік маршруттар мен блог және ақпараттық турлар пайда болады. Алдағы уақытта ауқымды фестивальдар мен іс-шаралар өткізіледі деп күтілуде. Бұл жағында Ескелді ауданының өкімі Рустам Али туризм саласындағы бизнес өкілдерімен кездесу барысында мәлім болды.

Келелі кездесуге қатысушылар туризм саласының дамытудағы басты мәселелер мен оның аудан әлеуетін арттырудағы мүмкіндіктері таразыға салынды. Жаңа туристік маршруттар мен блог және ақпараттық турлар ашу бастамалары өлкеде жүзеге асатын жоспарлы жобаларды бір бөлігі ғана. Жиын соңында мастер-жоспарды әзірлеу туралы шешім қабылданды. Ол басқесіңде қабілетті туристік ортаны құру және балалар-жасөспірімдер спорттық туризмін дамыту кезінде аудан әкімдігі мен бизнес-қауымдастықтың қызметін үйлестіретін болады.

ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Жуырда Қарабұлақ дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде индорхоккейден республикалық чемпионаттың қорытындысы бойынша жас спортшыларды марапаттау рәсімі өтті.

Қыздар арасындағы бас жүлдені Ескелді ауданының Қарабұлақ командасы жеңіп алды. Турнир кестесінде екінші орынға Алматы облысының командасы жайғасты. Үшінші орынға Қызылорда облысының спортшылары орналасты.

Жасөспірімдер арасындағы біріншілікті индорхоккейден мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің командасы иеленді. Күміс медалді Алматы облысының командасы жеңіп алды. Ескелді ауданының «Қарабұлақ» командасы қола жүлдегер атанды.

Жомардса Жамбыл, Қызылорда, Алматы облыстары мен Шымкент қаласынан 14 командадан 200-ден астам спортшы қатысты.

КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Жақында ауданының әкімдігі және «Атамекен» ҰҚП Ескелді аудандық филиалының бірлесе ұйымдастыруымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша комплаенс қызметін енгізу мәселелеріне арналған кәсіпкерлермен кездесу өтті. Аталған шараға аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Серік Сағиұлы кездесу барысында кәсіпкерлерге комплаенс қызметін және кәсіпкерлік субъектілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін құруға құқылы екендігі жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар, комплаенс қызметін дамыту үшін нақты жоспар болуы керектігін және кәсіпкерлердің ұсыныс-пікірлері ескерілетіндігін жеткізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша комплаенс қызметі саласына қатысты кәсіпкерлер нақты ойларын, ұсыныстарын айтты. Аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Қадырханов Темірлан Еркемұлы кәсіпорындарға комплаенс-бақылау қызметін енгізудің ұтымдылығы туралы жан-жақты түсіндірді.

ORAM

БОЛАШАҚ ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

Заңды білу – заман талабы. Адамның шыр етіп жерге түскен минутынан бастап оның өмірін, денсаулығын, тыныштығын қорғап отырған заң бар. Атаулы заң 1948 жылы 10-желтоқсанда қабылданған. «Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы» сонымен қатар, «Бала құқықтары декларациясы» бүгінде қолданыста. Осы декларациядан кейін 61 ел қол қойған «Бала құқығы туралы конвенция» қабылданды. Аталмыш конвенцияда балалардың кім екені түсіндіріледі. Сондай-ақ олардың барлық құқықтары мен үкіметтің міндеттемелері тізіліп көрсетіледі. Осы Конвенция негізінде Қазақстанда «Бала құқығы туралы» Заң қабылданды. Отанымыз алғашқы қадамынан бастап-ақ бала құқықтары туралы әлемдік конвенцияға ерекше мән беріп, соның талаптарының аясында жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар, мемлекет бала құқығын қорғау ісіне, жетім және ата-анасының қарауынсыз қалғандардың құқықтарын қорғау мәселесіне ерекше мән беріп келеді.

Жуырда М.Байысов атындағы орта мектепте «Заңды білу – заман талабы» тақырыбында құқық айлығы өтті. Атаулы шараның бастауында оқушылар мен ұстаздар қауымына айлықтың мақсаты мен міндеттерін түсіндірді. Мұғалімдер жоспарға сай түрлі шаралар ұйымдастырды. Мектеп әкімшілігінің қатысуымен «Суицид және жасөспірім», «Подростковый суицид», «Өз-өзіне қол жұмсау – үлкен күнә», «Адам өмірінің құны», «Өмір, мен саған ғашықпын» және тағы басқа тақырыптарда тәрбие сағаттары өтті. Оған мектептің барлық сынып оқушылары қатысты. Мектеп инспекторы М.Насыржанов оқушылармен және ата-аналармен жиналыс өткізіп, бала тәрбиесіндегі ата-ананың құқықтық сауаттылығы, құқықтық тәрбиені қалыптастырудағы отбасының рөлі қақында келілі жиын өткізді. Сонымен қатар, оқушылар арасында есірткі, спирттік ішімдіктерді, темекі өнімдерін пайдалану мен ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында аудандық аурухана дәрігерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Оқушылар мен ата-аналардың қатысуымен «Талаптың мініп тұлпарын, алға ұмтыл ұрпағым!» атты отбасылық спорт жарысы өтті.

Болашақтың кілті – жастардың қолында. Сондықтан болашағымыздың тірегі тәрбиелеуде ертеңгі мықты азаматтарымыздың заманға сай білімді де білікті етіп қалыптасуы жолында олардың дәл қазір құқығын қорғау, қолдау – біздің басты міндетіміз.

Жадыра ЕРМҰХАНОВА,
Байысов атындағы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі.

ІЛКІМ ТӘЛІМ МЕН ТӘРТІПТІ ҰШТАСТЫРҒАН ЖИЫН



Ұрпақты заңды, әлеуметтік пайдасы бар қызметке және қоғамға шынайы көзқарасын қалыптастырып, жас ұрпақты қылмыстық әрекетке жол бермеітін қағидаларға тәрбиелеу заман талабы. Осы орайда Мичурин атындағы мектеп ұжымы аудан мектептерінің директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары арасында «Кәметке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» атты жиын өткізді. Маңызды жиынға аудандық білім бөлімінің әдіскерлері Ш.Жақанова, М.Чимчикова, аудан бойынша кәметтік жасқа толмаған жасөспірімдермен жұмыс жүргізуші М.Каримжан қатысты.

Атаулы жиында қатысушыларды Мичурин атындағы мектептің педагог-психологы З.Темірбекова «Я против насилия» атты авторлық бағдарламасы бойынша жұмысымен таныстырды. Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары С.Ахметова «Кәметке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» тақырыбында коучинг өткізді. Мектептің жас маманы Н.Әбілқазынова «Құқық бұзушылық және жасөспірім» тақырыбында тәрбие сағатын өткізіп, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша оқушылармен кері байланыс жасады. Сонымен қоса мектептің педагог ұйымдастырушысы А.Калимолданова, жас маман Р.Құрманбек оқушылар арасында әлімжеттіктің алдын алу барысында «Құқықтық сауаттылық - заман талабы» тақырыбында ашық алаң өткізді. Семинардың соңында қатысушылармен кері байланыс жұмыстары жүргізілді.

С.АХМЕТОВА,
Мичурин атындағы мектеп
директорының тәрбие жөніндегі орынбасары

САХНАЛАНҒАН ӨДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІ

Бүгін ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының филиалы базасында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының, этикалық нормалар мен талаптарды сақтау мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілерге оқыту жүргізді.

Мемлекеттік қызметшілер үш апталық қайта даярлау курсы аясында мемлекеттік қызметшілердің әдеп негіздерінен тәлім алды. Оқу барысында департамент қызметкерлері тәртіптік істі қараумен сахналанған Өдеп жөніндегі кеңестің отырысын өткізді.

Өдеп жөніндегі кеңес отырысында тыңдаушылар мас күйдегі танысына автокөлікті басқаруға беру фактісі бойынша жер қатынастары бөлімінің басшысы «А» – ны жауапкершілікке тарту мәселесін қарастырды.

Істі қарау барысында жауапкершілікке тартылған қызметкер өз дәлелдерін айтып, комиссия мүшелері оған тиісті сұрақтар қойды. Дауыс беру нәтижелері бойынша кеңес мүшелері бірауыздан аудан әкіміне жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтамағаны үшін, қоғам тарапынан сығна себеп бергені үшін, ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің 5-тармағының 2 және 7-тармақшаларын сақтамағаны үшін жер қатынастары бөлімінің басшысы «А»-ға «сөгіс» түрінде көптің жаза қолдануды ұсыну туралы шешімге келті.

Оқытудың ұқсас әдістері немесе Mock trials дамыған елдерде оқыту, біліктілікті арттыру және шеберлікті шыңдау кезінде кеңінен қолданылады. Жалпы, қатысушылар жұмыста қолданылатын көптеген практикалық білім алғанын атап өтті.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша Департаменті

TAGYVM

АРДАГЕРЛЕР АРДАҚТАЛДЫ

Биыл кеңес әскерінің Ауған шырғарылғанына 33 жыл толды. Осы орайда Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектебінің оқушылары Ауған соғысы ардагерлерімен жүздесті. Іс-шараға Ауған соғысының ардагері Мынбаев Марал Сарыбайұлы шақырылды.

Келелі жиынның тізгінін алған мектеп директоры Ж.Оспанов қадірлі меймандарға алғыс білдірдіріп, оқушыларға тағлымы мол әңгіме өрбітті. Бұл қасиетті соғыс еді. Қазақ



жастары әлем алдындағы интернационалдық міндетін орындауға аттанып, талай азаматымыз жат жерде опат болды. Жас жеткіншектер соғыс майданына аттанып, соғыс ардагерлері болып оралды. Бүгінде осы ардагерлеріміз – Ауған жерінде болған сұм соғыстың қиын-қыстау кезеңдерін, ерлік пен даңқты батыр-қаһармандары туралы әстемелі әйтушы тұлғаларымыз. Сарбаздарымыз өздерінің әскери міндеттерін адал орындап, әскери қызметтік соңына дейін нағыз сарбаз атағына лайық бола бiлдi. Ауған соғысы ардагерлері ҰОС жылдарындағы фашиздік жеңген қаһарман ата – бабаларымыздың ерен ерлігін екінші мәрте қайталады. Шараға қатысқан қоңақтар өнегелі әңгіме айтып, жастарды өз Отанын сүюге, жаудан қорғауға, өз елінің патриоты болуға шақырды. Кездесу барысында мектеп оқушылары асырсап өн салып, құйқылжыта күй тартты.

А.Ешмуханбетова,
Бақтыбай ауылдық округінің
жастар ісі жөніндегі әдіскер
нұсқаушысы

ILTIPIAT

ҚАҒАРМАНДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Жуырда М.Байысов атындағы орта мектепте «Ауғанстан – жүректегі жара» тақырыбында жиын өтті. Шараны мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Алима Амирханова мен 10 сынып оқушылары ұйымдастырды. Жиынның мақсаты – Ауған соғысы туралы оқушыларға мағлұмат беру, өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалар ерлігін үлгі ету.

Келелі жиында сол зұлматты уақыттың куәгерлері Жанат Қасеинов, Айдар Серіқов, Руслан Тастан, Марат Имағамбетовтер қадірлі мейман болды. Сондай-ақ, кездесуге Алдабергенов ауылдық округі әкімінің орынбасары Ақмарал Оханова, мектеп директоры Рүстем Темербеков қатысты. Шара әдеттегідей қасиетті жылдары қаһармандық танытқан оғландарды еске алумен басталды. Бір минут үнсіздіктен соң оқушылар ұйымдастырған концерттік бағдарламаға ұласты. Мектеп оқушылары өлең оқып, көрініс қойып жауынгер ағаларымыздың ерліктерін көрсетсе.



домбырамен күй шертіліп жиналған қауымға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Сонымен қатар, оқушылар жауынгер ағаларына сұрақ қойып, кеңесті ойларына жауап алды. Шарада кеш кейіпкерлері жастарға бастан кешкен қиын-қыстау оқиғаларын айтып, сыр бөлісіп, шер тарқатты. Ауыл әкімінің орынбасары Ақмарал Сембекқызы Ауған соғысына қатысқан ардагерлердің ерлігін бүгінгі ұрпаққа үлгі етіп, олардың мәртебесін көтеру арқылы жастар бойындағы патриоттық, отансүйгіштік қасиеттерді арттыру керігін айтты. Мұнан соң тізгін тартқан мектеп директоры Рүстем Сайынұлы Ауған соғысының мәні мен маңызын айта келіп, жауынгер азаматтардың батырлығын жас ұрпаққа үлгі етті. Естеліктерімен бөліскен жауынгер азаматтарға мектеп әкімшілігі атынан сыйлықтар табысталды.

Жадыра ЕРМҰХАНОВА,
М.Байысов атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі.

MÖLDİR BÜLAQ

БІЗГЕ БҰЙЫРҒАН БАҚ

Тәуелсіздік – ата-бабамыз сан жылдар бойы армандаған баға жетпес құндылық. Осы бір сөзде қаншама астар бар. Елбасымыз: «Тәуелсіздік – халқымыздың бостандығы мен дербес даму жолындағы қурес тарихының нәтижесі», - деген еді. Халқымыз үшін XX ғасыр арпалыс пен тартысқа толы дәуір болды. Еліміздің басынан аштық та, жоқтық та өтті. Алайда мың өліп, мың тірілген қазақ жұрты беріне төтеп бере білді. Мемлекетімізге Тәуелсіз күн туды. Еңсемізді тіктеп, егемен ел атандық. Нәізаның ұшымен, білектің күшімен атқан бостандық таңы оңай жолмен келмегенін әрбір ұрпақ жадында ұстауы тиіс. Өткен жылы еліміз азаттықтың отызыншы таңын

атырды. Осы жылдар ішінде мемлекетіміз қарыштап дамып, ел экономикасын жаңа сатыларға көтерді. Елімізде көптеген кәсіпорын, зауыт-фабрика, мәдени, рухани нысан бой көтерді. Кез келген Қазақстан азаматының құқығы Конституциямен қорғалады. Еліміздің ертеңі жастарға көптеп көңіл бөлініп, олардың қанатын кеңінен жайғанға зор мүмкіндіктер жолы ашылды. Еліміздің әлем аренасында алған жетістіктері аз емес. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев еліміздің даму жолын қарыштау мақсатында жаңа реформалар мен саяси жұмыс бағытын енгізді.

Тәуелсіздік – бізге бұйырған бақ. Осы бақтың ұзақ тұрақтауы тек біздің қолымызда.

Мөлдір ТҮКТІБАЙ,
Титов атындағы орта мектептің
10-сынып оқушысы

ORAI

ҚАРЖЫЛАЙ ЕМЕС ҚОЛДАУ КӨРСЕТІДІ

2021 жылы Алматы облысында 16 мыңнан астам кәсіпкерге 22,5 мың сервистік қызметтер мен кеңестер көрсетілді. Кәсіпкерлер негізінен жеке бизнесті ашу, бизнес-жоспарды әзірлеу, бухгалтерлік есепті тапсыру сияқты қызметтерге жүгінген. Палата менеджерлері жалпы сомасы 20,5 млрд теңге болатын 645 бизнес-жоспар әзірледі. Оның ішінде экономиканың түрлі секторларындағы 140 жоба мемлекеттік бағдарламалар мен екінші деңгейлі банктер аясында қаржыландырылды. - Кәсіпкерлер ақысыз негізде бухгалтерлік, заң, маркетингтік қызметтерді, сондай-ақ мемлекеттік сатып алулармен, ұлттық компаниялар мен жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларымен байланысты қызметтерді ала алады. Сондай-ақ,

Кәсіпкерлер палатасының барлық аудандық және қалалық филиалдарында кәсіпкерлік субьектілері мен өз ісін бастағысы келетін азаматтарға мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат пен кеңестер беріледі. Бұл қызметтер 94b.kz порталы арқылы онлайн режимде де қолжетімді, - деді Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасы директорының міндетін атқарушы Дәурен Онолбаев. Еске салсақ, қаржылай емес қолдау – өңірлік кәсіпкерлер палатасы қызметінің басым бағыттарының бірі. «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары арқылы ақысыз қаржылай емес қолдау көрсетіледі.

«ЖШ»-ақпарат

IMAM MINBERI

БАҚ-БЕРЕКЕ ОРНАСЫН ДЕСЕК...

Бүлік шығару – адамзат тарихында құпталмаған қарекет. Асыл дінімізде мұндай іс-қимыл ауыр күнә ретінде қарастырылған. Қасиетті Құранда «Бүлік шығару кісі өлтіргеннен ауыр күнә» деп бедерленген (Бақара 191- аят). Тарих беттерін парақтасақ, алғаш адам ұрпағы болған Қабыл бауыры Абылмен келіспей жаңжалдасады. Шикіліктің арты Абылдың өлімімен аяқталады. Міне, осылайша жер бетіндегі алғашқы бүлік орын алған еді.

Ислам ғалымдары Қабыл алғаш болып қан төккені үшін әрбір қантөгіс қияметке дейін оның мойнына жазылады деген екен. Осыдан соң әрбір бұсылман әр қарекеттен сабақ алуы керек. Абу ад-Дардадан келген хадисте: «Алла елшісі: «Намаз, ораза, садақадан дәрежесі жоғары бір істен хабар берейін бе» деп сұрапты. Маңайындағылар айтуын етініпті. Сонда пайғамбарымыз: «Ол адамдардың арасын жақсарту», - деген екен.

Өдетте бүлік болған кезде ондағылар отыз екі тісті тілге құрсау қыла алмайды. Тіпті, шектен шығып, балағат сөйлеп, ғайбат айтады. Ал шектен шыққан адам міндетті діннен ажырайды. Қасиетті Құран Кәрімде пайғамбарымыз: «Олардың өзара күнкілдерінің көбінде қайыр жоқ. Бірақ кім бір садақаны не бір игілікті немесе адамдардың арасын жақсартуы әмір ітсе, ол қайырлы және біреу, осыны Алланың ризалығын іздеп істесе, сонда оған жедел ірі сауап береміз», - деген еді. Айтылғандай, ұлы амалдың бірі - адамдар арасын жақсарту. Ал Жаратқан Иеміз бізді осыған шақырады. Дана қазақ та «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді», - деп тегін айтпаса керек.

«Бақыт қайда барасың, берекесі жарасқан елге барамын», - деген ұлағатты сөз қалдырыпты Бұқар жырау. Береке бірлік болған жерге орнайды. Бірлік пен берекесін жарастырған елге Алланың мейірімі төгілері сөзсіз.

Мұхаммед ОРДЫБАЙ,
Ескелді ауданының бас имамы

ВСЕ НАЧИНАЕТСЯ С ЛЮБВИ К КНИГЕ

Ведь именно в библиотеке со страниц книг оживают Ромео и Джульетта, Козы Корпеш и Баян Сулу, справедливый и хитрый Алдар Косе, умная Мальвина и добрый доктор Айболит. 14 февраля более чем в 40 странах мира отмечается Международный день дарения книг. Праздник этот достаточно молодой. Идея эта появилась в 2012 году у детской писательницы Эммы Перри. Инициатива наша поддержка у родителей, педагогов, писателей, представителей культурных и благотворительных организаций. Международный день книгодарения – праздник всех, кто дарит книги, дарит радость, кто приобретает детей к чтению. Цель акции - «Дарите книги с любовью» - подарить книги из своей личной библиотеки в школьную библиотеку для пополнения и обновления фонда художественной литературы. Тогда юные читатели нашей страны смогут

иметь доступ к современной литературе, к новым изданиям. Хотелось напомнить о том, что книга была и остается прекрасным подарком. И этот подарок очень ждют! Любый ребенок с радостью будет читать новую интересную и красочную книгу. В рамках акции «Дарите книгу с любовью» во многих школьных библиотеках Казахстана был организован сбор книг. Не остались в стороне и педагоги средней школы имени Н.Алдабергенова, принявшие активное участие в акции. 50 ярих красочных книг, которые будут радовать читателей, дополнили фонд нашей библиотеки. Дарите книги, которые приносят радость и много приятных моментов любителям книги!

Г.РУДАКОВА,
библиотекарь средней школы имени
Н.Алдабергенова

МЕРЫ ПРОФИЛАКТИКИ ДЕРМАТОМИКОЗА

ЗДОРОВЬЕ

Дерматофития – грибковое инфекционное заболевание кожи, волосистой части головы или ногтей. Зона поражения имеет кольцевидную форму, причем в середине инфицированного участка, воспаленные края которого зудят и шелушатся, кожа выглядит здоровой.

Грибковая инфекция передается контактным способом. Некоторые виды грибка обитают на влажных поверхностях, например, на полу общественного душа, бани или раздевалки. Грибком можно заразиться и от домашних животных, которые страдают такой формой дерматомикоза, как стригущий лишай. В зависимости от участков тела, которые инфицированы грибком, различается несколько типов дерматофитии. Если поражено тело, заболевание называется микозом гладкой кожи и представляет собой небольшие красные пятна, которые постепенно разрастаются и сливаются в крупные кольцеобразные очаги. Наиболее распространенным видом дерматомикоза является эпидермофития стопы, при которой наблюдается поражение кожи на ногах между пальцами. Заболевание выражается в покраснении, зуде и растрескивании кожи. В данном случае инфекция может распространиться на ногтевую пластину (дерматофития ногтей) и может также поражать кожу и ногти рук. Дерматофития, которая развивается в паховой области и в области бедер, носит название паховой эпидермофитии. В основном от нее страдают мужчины, которые носят слишком тесное спортивное белье. На волосистой части головы дерматофития (в данном случае – стригущий лишай), пора-



жает волосы, образуя проплешины. Чаще всего этому заболеванию подвержены дети.

Наилучшая мера профилактики – это содержать кожу в чистоте и сухости. Кроме того, необходимо соблюдать следующие несложные правила:

Не сразу переобуваетесь в домашнюю обувь. Дайте вашим ногам немного «подышать»;

Ежедневно меняйте носки и нижнее белье. Особенно в теплое время года;

Насухо вытирайте ноги после душа в бассейне или спортивной раздевалке;

Не ходите босиком в общественных местах и на пляжах;

Не носите облегающую одежду на жаре. Чем больше вы потеете, тем выше риск развития грибковой

инфекции;

Не надевайте чужую обувь, да и свои слишком старые кроссовки желательно тоже выбросить;

Не разрешайте пользоваться своим полотенцем или одеждой и не пользуйтесь чужими вещами;

Внимательно осматривайте шерсть домашних животных. При подозрении на лишай обращайтесь к ветеринару;

Прежде чем пользоваться оборудованием в спортзале убедитесь, что оно чистое.

При любом появлении зуда, покраснения или шелушения кожи нужно обязательно проконсультироваться с врачом, чтобы вовремя остановить развитие болезни.

Е. СЕЙСЕМБИНОВ,
руководитель районного УСЭК

КЕЛЕЛІ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЖАЙ-ЖАПСАРЫ

ӨРІС

«Ескелді ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2009 жылдан бастап «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсетіп келеді. ҚР Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы №72 бұйрығымен өзгеріс еңгізіліп, «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидалары» болып жаңа редакцияда бекітілді.

Осыған байланысты ауылдық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдардың кадр тапшылығын жою мақсатында «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасына енді мемлекеттік қызметшілерде қатыса алады. Бұл бағдарламаға ауыл, кент, ауылдық округтер әкімдері аппаратының бас және жетекші мамандары үміткер бола алады.

Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі (құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынған кезде) көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорация арқылы немесе электрондық форматта «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

Көтерме жәрдемақы алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы дипломының көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі.

Тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

білімі туралы дипломының көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

сәйкестендіру үшін неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін);

Кредиттік бюродан есеп.

Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит алуға бір мезгілде өтініш беруге жол беріледі.

Бағдарламаға қатысушыларға:

1) ауылдық елді мекенде тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін 15 жыл мерзімге, 0,01% мөлшерлемемен, 1500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бюджеттік кредит;

2) 100 айлық есептік мөлшеріндегі біржолғы көтерме жәрдемақы (қайтарымсыз) беріледі.

Әлеуметтік қолдау көрсету шарттары - ол бұрын берілген кредиттер бойынша берешектің болмауы және ауылдық округте кемінде 3 жыл жұмыспен өтеу қажеттілігі.

С.ЖАЙНАҚОВА,
аудандық экономика және қаржы бөлімінің бас маманы

«Алматы облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы» КММ
Ескелді аудандық филиалы



Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, қолданыс аясын кеңейту мақсатында ұйымдастырылатын тегін оқыту курсына шақырады.



ТЕГІН

Мекенжайымыз:
Қарабұлақ ауылы, Балық бө көшесі, 55

Байланыс телефондары: 8 (728 36)3-21-99
87782817548

ОБЪЯВЛЕНИЯ

Открылось наследственное дело на имя умершей Воробьевой Елены Григорьевны, дата смерти 19 мая 2011 года. Наследников просим обратиться к нотариусу села Карабулак. Рабочий телефон: 3-00-99

Открылось наследственное дело на имя умершего Воробьева Григория Алексеевича, дата смерти 12 июня 2011 года. Наследников просим обратиться к нотариусу села Карабулак. Рабочий телефон: 3-00-99

ТРЕБУЮТСЯ

В крестьянское хозяйство «Нам Г.Н.» Ескельдинский р-н, с.Карабулак требуются:

- автоэлектрик, зарплата 100 000 – 120 000 тенге;
- водитель грузового автомобиля – КАМАЗист, зарплата 100 000 – 150 000 тенге;
- механизатор-тракторист, зарплата от 150 000 тенге;
- животновод, зарплата 100 000 тенге;
- разнорабочие-слесаря, зарплата 80 000 – 110 000 тенге;
- бухгалтер.

По всем интересующим вопросам обращаться по номеру: 8 701 898 77 68 – Азамат.

БЛАГОДАРНОСТЬ

Выражаю искреннюю благодарность:
Ж.Б.Жолдыханову - руководителю аппарата акима Ескельдинского района,
М.К.Ким, Б.С.Айтжановой – ГУ «Отдела организационно-правовой работы Ескельдинского района»,
Коллективу ЦОН Ескельдинского района,
Медработникам поликлиники – Кадырбаева Анар, Касенова Багжан, Ибраимова Надира.
Здоровья вам и терпения!

С уважением **В.И.Макшанова**

№	Наименование организации	Наименование специальности	Наименование свободных вакансий
1	КГУ «Центр проведения спортивно-массовых мероприятий Ескельдинского района»	Культура и спорт	Методист по спорту-2
2	ШҚ «ДАУРЕМБЕКОВ А.Т	Професии без квалификации	Разнорабочий-1
3	КГУ«Средняя школа имени Абая с дошкольным мини-центром» государственного учреждения «Отдел образования по Ескельдинскому району Управления образования Алматинской области»	Професии без квалификации	уборщик в школах-2
4	КХ «НАМ Н.Г.»	Сельское хозяйство	Механизатор-5 Разнорабочий-3 Сварщик-2 Автоэлектрик-1 Водитель грузового автомобиля-3 Животновод-3 Слесарь
5	Крестьянское хозяйство «Акын Сара»	Сельское хозяйство	Разнорабочий-2 Инженер-механизатор-1 Водитель грузового автомобиля-1
6	ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ АКИМА ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА»	«Главный специалист отделения организационной, государственно-правовой работы главный специалист отделения единой службы управления персоналом	Главный специалист, Категория Е-4 Главный специалист, Категория Е-4
7	Государственное учреждение «Отдел сельского хозяйства Ескельдинского района»	госслужба	Главный специалист, Категория Е-R-4
8	Государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства и жилищной инспекции Ескельдинского района»	госслужба	Главный специалист, Категория Е-R-4
9	Государственное учреждение «Отдел внутренней политики Ескельдинского района»	госслужба	Главный специалист, Категория Е-R-4
10	ГУ«Отдел строительства Ескельдинского района»	госслужба	Главный специалист, Категория Е-R-4
11	КХ «СЫМАҒҰЛ»	Професии без квалификации	Разнорабочий-2
12	КХ АЛИБЕК	Професии без квалификации	Разнорабочий-1
13	Кх Баяхметова	Професии без квалификации	Разнорабочий-1
14	Товарищество с ограниченной ответственностью «Жетісу Энерготрейд	Финансы и бухгалтер	Бухгалтер-1
15	ШҚ «ШАКАРБЕК»	Сельское хозяйство	Разнорабочий-2 Тракторист-4
16	ШҚ «САВЧЕНКО»	Сельское хозяйство	Разнорабочий-3 Механизатор-1
17	КХ «Баяхметов А. А.»	Професии без квалификации	Разнорабочий-1
18	КХ «КАРАБАЛИНОВ»	Професии без квалификации	Разнорабочий-1
19	ШҚ « ЖАЙЛЫБАЕВА «	Професии без квалификации	Разнорабочий-2
20	КХ «ЕРНҰР»	Образование и воспитание	Машинист зерновых погрузочно-разгрузочных машин-1 Пастух-1
21	СШ Жаналык		учитель иностранного языка-1

«КІНДІК ШЕШЕ»
ДЕГЕНІМІЗ КІМ?

Әрбір салттың астары терең мағына беретін қазыналы халықтың ұрпағымыз. Қазақ халқы ықылым заманнан бері кіндікті киелі санаған. Дүниеге жаңа келген сәбидің кіндігін кесудің өзі жеке дәстүрге айналуда бір ұлағат жатса керек. Бүгінгі «кіндік шешелер» кімдер? Асылында, кіндік шешенің міндеті босанғанда серіктес болумен немесе перзентханадан шығарып алумен шектелмесе керек. Жалпы, қазақ ұғымындағы «кіндік шеше» дегеніміз кім?

Ертеде келіннің бойына бала біткеннен бастап, оған енесі дүниеге келер сәбиге кіндік шешені таңдай бастаған екен. Оған ісі ұнамды, мінезі жайдары, қолы ісмер келіншектерді лайық көрген. Себебі, баланың мінезі кіндік кескен анасына тартады деп ырымдаған. Жаңа туған сәбиді кіндік бауымен жерден кім көтеріп алып, аялы алақанына салса, кіндік ана бойындағы барлық қасиет сол балаға жұғады. Өсе келе мінезінен оған ұқсайтын артықшылықтар көрініс табады екен. Осыған орай, кіндік ана болу да екінің біріне бұйырмайтын құрмет болыпты.

бәріне атсалысады. Қазақта той болғанда **«Баланың кіндік анасы бар ма екен? Тойға келді ме екен?»** деп ең алдымен іздейтін болған. Ал егер, кіндік ана тойға қатыспаса, онда береке болмайды деп есептеген. Осыдан-ақ қазақ үшін кіндік шешенің орны ерек екенін аңғаруға болады. Сәби өмірге келіп, кіндік кесілгеннен кейін оны бей-берекет тастай салмаған. Осы

майтын батыр болсын деген ниеттен туындаса керек. Өйткені, әйел адам нәзік, жұмсақ мінезді, құбылмалы болғандықтан «жар дегендегі жалғыз балам, жасқаншақ, ұялшақ, тартыншақ болып қалмасын» деп, ер адамды таңдайды екен. Сәби өмірге келіп, кіндік кесілгеннен кейін оны бей-берекет тастай салмаған. Осы



Ол неге киелі? Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде **«кіндік — адамның ішкі дене мүшесімен жалғасатын ішек»** делінеді. Қазіргі медицина оны «іштегі бала мен ана ортасындағы энергия тасымалдайтын негізгі дәнекер» деп есептейді. Ұлттық салтымызды жіпке тізгендей етіп жинақтаған этнограф ғалым, ел анасы Зейнеп Ахметова өз еңбегінде кіндікке мынадай пікір білдіреді.

— *Былай қарасаң, кіндік — соншама қадірлеп әрі дәстүрлеп көметіндей емес, тырнақтай тері. Бірақ ата-бабамыз кіндіктің қасиетін бағалағандықтан да жаужүрек ұлдары, үлкеннің алдынан кесіп өтпеген ибалы келіндері болды. Ата-бабамыздан бізге осыншама кең байтақ жердің мұрас болып қалуының бір сыры осында жатса керек. «Кіндік қаны тамған жер» деп те айтып жатамыз. Қалай десек те, бұл негізсіз емес, —* дейді З.Ахметова.

Ертеректе сәбидің кіндігін ұзындау етіп, ақ балтамен кесіп, таза жіппен байлап, түбіне күл секпен. Балтаны өзге нәрсеге пайдаланбай сақтап қойған. Ұзын етіп кесудің себебі баланың кіндік жолындағы қан, сарысулар кіндікке ағып құйылып, кіндік ерте түскен. Баланың ішкі ағзасын тазартып, қан айналымы жақсаратын болған. Дана халқымыз мұны бағзы заманнан білген. Кейбір ырым бойынша ер адам да кіндік кескен. Оның өзіндік себебі бар. Үнемі түсік тастап, балаға зар болып жүрген жан аман-есен босанса, сол баланың кіндігін ер адамға кестірген. Ер адам кіндігін кескен балаға шайтан жуымайды, жын-жыпыр араласпайды, бала тіл көзден аман болады деп ырымдаған. Одан бөлек, баланың мінезі ер көңіл, жомарт, ешнәрседен тайсал-

тақырыпқа терең бойлап, ұлттық дәстүрді дәріптеп жүрген Зейнеп Ахметованың пікіріне тағы да сүйенсек.

— *Ертеректе ұл баланың жолдасын алты қырдан асырып, ал кіндігін табалдырықтың астына көмген. Әжелеріміздің «табалдырықты баспа» дейтіні сондықтан. Ұл — шаңырақтың иесі, елін-жерін қорғайтын ертеңгі азамат, болашақ жауынгер әрі түздің адамы. Ал, қыз баланың жолдасын да, кіндігін де отптың басына көмген. Олай болатыны, қыз — қай жерге бармасын, қазан-ошаққа ие болар болашақ келін, ұрпақ өрбітетін болашақ ана. «Отптың басына түкірме» дейтін тайымның мәні осында жатыр, —* дейді дана әже.

«Кіндік ананың» міндеті мен қызметін тізбектедік. Ал оған көрсетілген құрмет қандай? Ертеректе оның көңіліне риза болған отбасы ат мінгізіп немесе бұзаулы сиыр берген. Саусағына алтын сақина, қолына білезік таққан. Асыл жібектен көйлек кигізіп, шапан да жапқан. Қалайда оны риза етуді көздеген. Өйткені кіндік ананың көңілі толмаса бала «қыңыр мінезді» болып, ел арасындағы береке кетеді деп сенген. Қыз алысып, құдандалы болғанда да баланың ата-анасымен қатар терден орын беріліп, сый-құрмет көрсетілген. Бала ержеткенде де «кіндік ананың парызын» өтеп, қуантуға асығатын болған. Қалай десек те, періштенің өмірге келгендегі ең алғаш көретін адамы кіндік шеше болмақ. Әр салты мен ырымы философияға толы, дәлелдеуді қажет етпейтін даналыққа өрілген ұлттық дәстүрді қайта жылғаудың маңызы зор. Сондықтан да дәстүрге ден қойып, өткенге үңіліп тұрған да абзал.

Д.ҚАЛЫМБЕТ

МҰХТАР ӘУЕЗОВ:

◆ КОМБЕ



Россияның ішінде көбігі аспанға атып жүз толғанып, бұлқынып жатқан революция толқыны дүние жүзіндегі еңбекшілерді құлданған патшалықтардың бәрінің жүз жылдап құрған құлдық қорғандарын іргесімен теңселтіп, жапсарын ашып, жігін үлкейтіп тұрғаны әркімге мәлім. Енді біраз заманның ішінде осы толқын осы күйінде бетін аудармай харжыт қылса, ол қорғандар құлайтыны анық, һәм кең жалғаннан пана таба алмай, сол қорғанның түбіне тығылған ақ сүйек жуандар қалтырап отырып соның астында жан беретіні де мәлім. Бүгінгі күні кешегі қараңғы құлдық күннің күңгірт жүзді қожасы — жуандардың басына келетін ауыр күннің қаһарлы бұлттарын Россия жуандарының төбесіне заман желі айдап келіп тұр.

Россияның ішінде көбігі аспанға атып жүз толғанып, бұлқынып жатқан революция толқыны дүние жүзіндегі еңбекшілерді құлданған патшалықтардың бәрінің жүз жылдап құрған құлдық қорғандарын іргесімен теңселтіп, жапсарын ашып, жігін үлкейтіп тұрғаны әркімге мәлім. Енді біраз заманның ішінде осы толқын осы күйінде бетін аудармай харжыт қылса, ол қорғандар құлайтыны анық, һәм кең жалғаннан пана таба алмай, сол қорғанның түбіне тығылған ақ сүйек жуандар қалтырап отырып соның астында жан беретіні де мәлім. Бүгінгі күні кешегі қараңғы құлдық күннің күңгірт жүзді қожасы — жуандардың басына келетін ауыр күннің қаһарлы бұлттарын Россия жуандарының төбесіне заман желі айдап келіп тұр.

Мақшар күнінде ақ-қараның таразысы құрылғандағы сағаттай, өткен күннің күнәсі есіне түскен адамдар басына күн туып, қашып-пысып, сорлы жанды қорғаудың айласында жүр.

Оқылғанның өзі жартысын ауыр күндерде-ақ Совет үкіметіне қосып бірігіп іс қылмақ болып, енді қырға барып бұғып жатуларының ешбір көрнекті себебі жоқ. РАС БҰРЫНҒЫ ТҰРҒАН ҚАЛАЛАРЫНДА ӨШТІ-ҚАСТЫ ЖАЗЫҚСЫЗДАН ЗИЯН КЕЛТІРЕРЛІК АДАМДАРЫ БОЛСА, БАСҚА ҚАЛАЛАРҒА БАРУ КЕРЕК. Қазіргі күнде қай қалада болса да мекеме атаулыда үйіліп, қақтығып, арызын жеткізе алмай көзін сүзіп жүрген қазақ көп. Өзге уақыттардан осы күнде олардың арыздары, мұңдары тіпті көп. Себебі көп ел ары-бері өткен қазақтан көп зиян шекті және мына үкімет езілген жылаулардың досы деген сөздерді оқыған соң талайдан айта алмай, сөзін жеткізе алмай жүрген қышулы мәселесінің бәрін де көп тобымен келіп айтып жатыр.

Орыстың жуаны басына айналып келе жатқан қара бұлттың қатерлі пішінінен, бірінші, өмірі үшін қорықса, екінші, кешегі күндегі істеген қаталдық жауыздығынан ары қысылып айдап отыр. Басына келе жатқан бұлттың арасынан қысылып үріккен көзіне дария болған нахақ қан, көздің ыстық жасы, қажаып тозған дененің ащы арам тері көрінеді.

Бірақ бұрыннан саны аз оқығандардың көбі бытырап кетіп, қала-қалада жоқ болған соң, әрін елі де жеткізе алмай, ешкіммен ұғыса алмай, бостан бос қамалып жүр. Осы халдерді ойлағанда елдің қамын жеген оқыған азаматтар не қылса да қолынан келген шарасын істеп; осы үкіметтің арасына кіріп, қазақтың есесін әперіп қалатын уақыты келді деп білеміз.

Осының бәрі ескі күнде өзі туғызған бақытсыздық болған соң, солардың суреті елестейді. Қорқатын жөні бар, қашпасқа шарасы жоқ.

Қазақтың оқығаны елдің қамын шынымен жейтін болса, қай күнде болсын пайда келтіре аларлық шағулы жерін аңду керек емес пе? Қазіргі заман қазақтың басына келіп тұрған әрі ең қиын, әрі ең пайдалы жайлы заман, құр елдің мұңы тындалмайтын бірен-саран кісінің басына ғана жайлы, ет азу келген заманда ғана оны істеймін, мұны істеймін деп, анығында еш нәрсені істей алмай, шағулы заман келгенде қашып жүрсек, елдің қамы деген сөзді айтып не керек. Осы күнде не қылса да оқығанның бәрі де барын салып еңбек қылып, осы өкіметті сендіру керек. Сонымен бүгінгі мекеме атаулыда бос қалып жүрген қазақтардың мұң-мұқтажын орындау керек. Қашып бұғудың ешбір себебі жоқ. Қазақ оқығанының Совет өкіметі үлкен жазығы бар адамдарды да қатарына кіріп пайдалы қызметімді істеймін десе, қумайды.

Жә! Кешегі сол жуандардан көпшілік бұқарамен қатар қуғын көріп соққы жеген кең заманды сағынып көксеген қазақтардың неше қилы замандағы басшысы, оқығандары қайда? Олар неден қашып жүр? Өзге жұрттың қашып жүргендерін көрсек, неше жүз жылдар елді жеп келген, қылығы асқан, жауыздар, обыр бек. Қашушының ішінде болып, қазақ оқығандары да өзінің ақ жүзіне сол қара таңбаны салғысы келе ме? Жоқ әлде олардың да жуан болып қазақтың нашарының дөнін сорған жері бар ма?

Егер қазақ оқығандары Совет өкіметінің қабағынан қорқып қашса, айтатын сөзіміз осы: оқығанның қайсысы болса да азғантай пайда келтіре аларлығы болса, тезінен қала-қалаға келіп қызметке кіруіне керек. Ел шақырып отыр. Талай-талай пайдалы жұмыстар шешілуін күтіп дайын отыр. Қазақтың қамын жейтін оқыған болса, қашқаны болсын, қашпағаны болсын, қырда бос жүргенінің бәрі де келуі керек.

— *Қой, қазақтың баласы ол күйге жеткен жоқ. Бұл күнге шейін бар қазақтың баласында бір-ақ түрлі құлдықтың ноктасы болатын. Бірінен-бірінің қара үзіп, артып кеткен еш жері жоқ. Бәрінің көргені де өзәйлік, жетімдік. Бәрінің көргені де қуғын-сүргін болатын. Әсіресе оқығандарының бой жазып кең отырған күні бұл күнге шейін болған жоқ. Қашан болса күні қысылу, бұғып қорқу болатын. Олай болса, кешегі басынан сырық, малынан құрық артапқан жауыз үкіметтің артынан қай қызғын көксеп кетіп отыр. Осы күнде сол үкіметтің жауының бәрі тік көтеріліп, совет өкіметінің қатарына кіріп отыр қазақ оқығанының жартысы солардың ішінде. Қырда жатқан, қашып-пысып жүрген жартысы не оймен жүргені мәлім емес. Оқығанының да бірінен-бірі айырылып жарылатын заманы болған жүз секілді еді. Олай болса, осы қашудың себебі не? Жұрт артқы күндердегі күнәсінен қорқып қашса, ол күне қазақ оқығанының мойнында жоқ. Жұрт жуан болып біреуді жылтандығынан қашса, кісі жылтпақ түгілі жылағанның бірі болып, жігері құм болып, кең заманды қашан бересің деп жүрген қазақ оқығаны еді.*

Егер қазақ оқығандары Совет өкіметінің қабағынан қорқып қашса, айтатын сөзіміз осы: оқығанның қайсысы болса да азғантай пайда келтіре аларлығы болса, тезінен қала-қалаға келіп қызметке кіруіне керек. Ел шақырып отыр. Талай-талай пайдалы жұмыстар шешілуін күтіп дайын отыр. Қазақтың қамын жейтін оқыған болса, қашқаны болсын, қашпағаны болсын, қырда бос жүргенінің бәрі де келуі керек. Жоқ, егер де кешегі ананың қатыны маған өш еді, мынаның малшы-қосшысы өкпелі еді деп қашып жүрген болса, олардың жолы болсын, игілікті сол узақ жолынан тапсын. Жылы күнде жайлы орында отырып, еріккенінен елге тәтті сөзді сайрап-сайрап, күннің түсі бұзыла бастағанда жылы жаққа ауа жөнелетін жаздың гүлі, қарлығаш тоты болмақ болса, оның жөні бір басқа. Айналып келгенде жақсы жігіттердің көбінің себебі осы болып шығатыны да мәлім. Өйтпесе, қазіргі күнде қалада отырып Совет өкіметімен қызмет қылып отырған кейбір кісілерден жазықты емес сол қашып жүргендер. Бірақ қайтеміз. Дүние дүние болғанда оған жарастық үшін де жаралатын нәрселер бар. Кейбір азаматтар, қарлығаш, тоты болғандар, дүниенің сол кетігін толтырмақ шығар. Ол да болса мақсұт, жолдары болсын.

Жұрт кең заманнан пайдаланып, тиісті сыбағамды жырып алып қаламын десе, ауыр заманда ауыр бейнет, қиын жұмыста бар қайратын салып келіп, мақсаты іске асатын күні, еңбегінің жемісін оратын күні

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Жанахмет Мырзахметұлы
ИСАБАЕВ.
Директордың телефоны 3-04-75
Редакцияның телефоны 3-19-15

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Оффсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Оффсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Осы шығарылғанының таралымы 1500
Тираж 3050
Тапсырыс 87
Көлемі 2
Баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е. КАЧЕНКО.